БҰЛАНДЫ АУДАНЫ

BULANDY AQPARAT

Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета

№ 25 (527)
26.06.2026

# Служение длиною в жизнь: путь чести, долга и преданности Отечеству



Ко Дню полиции – о человеке, который посвятил свою жизнь служению закону и людям.

История каждого ветерана органов внутренних дел – это история мужества, ответственности и верности своему долгу. Одним из таких людей является Марат Аужанович Арингазинов – ветеран органов внутренних дел, старший сержант милиции в отставке, человек, посвятивший многие годы защите закона и спокойствия граждан.

Марат Аужанович родился 10 октября 1950 года в послевоенное время. В 1968 году окончил 10 классов Макинской средней школы №1. После окончания школы молодой, целеустремлённый юноша был призван в ряды Вооружённых сил СССР. Военную службу проходил в Ракетных войсках стратегического назначения (РВСН) в Челябинской области, городе Карталы.

После службы, обладая крепким характером и стремлением приносить пользу обществу, Марат Аужанович выбрал путь служения в органах внутренних дел. В 1973 году он начал свою трудовую деятельность рядовым милиционером Макинского районного отдела внутренних дел.

За годы службы он зарекомендовал себя как грамотный, ответственный и принципиальный сотрудник. Помимо выполнения служебных обязанностей, активно участвовал в общественной жизни коллектива, был членом редколлегии и занимался выпуском ведомственной газеты «Щит и Меч», где освещались события и будни сотрудников милиции.

Марат Аужанович также принимал участие в соревнованиях по стрельбе из пистолета Макарова и автомата Калашникова в городе Целинограде. В 1979 году стал победителем социалистического соревнования.

Стремясь к профессиональному развитию, в 1978 году он поступил на заочное обучение в Целиноградский техникум автомобильного транспорта. В 1981 году успешно окончил обучение и получил диплом техника-механика.

За годы службы в органах внутренних дел Марат Аужанович был отмечен многочисленными наградами и благодарностями руководства РОВД и УВД города Целинограда. За высокий профессионализм, честность, мужество и добросовестное исполнение служебного долга он получил около 19 благодарностей.

Среди его наград:

* медаль «Отличник МВД милиции»;

* медали «За 10 лет безупречной службы», «За 15 лет безупречной службы», «За 20 лет безупречной службы»;

* медаль «Қазақстан полициясына 30 жыл»;

* медаль «Ардагерлер қоғамына қосқан үлесі үшін».

23 июня 1996 года после многих лет безупречной службы Марат Аужанович вышел на заслуженный отдых по выслуге лет. Однако и после завершения службы он продолжает оставаться примером мужества, дисциплины и преданности своему делу.

За вклад в развитие ветеранского движения, многолетнюю службу и активную общественную деятельность Марат Аужанович заслужил уважение коллег и общественное признание. В преддверии Дня полиции он был отмечен Благодарственным письмом от акима района Макинск А. Смайылова – как знак признания его многолетнего добросовестного труда, верности служебному долгу и значимого вклада в развитие органов внутренних дел.

Сегодня его жизненный путь – это пример для молодого поколения сотрудников правоохранительных органов. От рядового милиционера до Отличника МВД – это путь человека, который всегда оставался верен присяге, долгу и своему Отечеству.

**С уважением и гордостью – семья Марата Аужановича Арингазинова.**

# Мемлекеттік қызмет: жауапкершілік пен кәсібилік



Жыл сайын 23 маусымда елімізде Мемлекеттік қызметшілер күні аталып өтеді. Бұл мереке – мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты нығайтып, халықтың игілігі үшін еңбек етіп жүрген мемлекеттік қызметкерлерге көрсетілетін құрметтің белгісі.

Мерекеге орай аудан әкімі Ардақ Дулатұлы Смайылов ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан мемлекеттік қызметшілерді алғыс хаттармен марапаттады.

Мемлекеттік қызметші – ел мүддесін бәрінен жоғары қоятын, халыққа адал қызмет ететін маман. Олардың күнделікті еңбегі мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуына, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет жүйесі ашықтық, әділдік және кәсібилік қағидаттарына негізделген. Мемлекеттік қызметкерлерден жоғары жауапкершілік, білімділік, әдептілік пен халыққа жанашырлық талап етіледі. Олар өз қызметтері арқылы қоғамның мемлекетке деген сенімін қалыптастырады.

Мемлекеттік қызмет – үлкен жауапкершілік пен адалдықты қажет ететін сала. Ел дамуы мен халықтың әл-ауқатын арттыру жолында аянбай еңбек етіп жүрген мемлекеттік қызметшілердің еңбегі әрдайым құрметке лайық.

**Өзіміздің ақпарат.**

# ТЫНЫШТЫҚ ПЕН ҚАУІПСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ



Еліміз бойынша 23 маусымда ел тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін полиция қызметкерлерінің күні аталып өтті. 1992 жылы 23 маусымда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Заң қабылдаған болатын. Ал, 2007 жылы 5 маусым күні Мемлекет басшысының Жарлығымен 23 маусымды Полиция күні деп бекітті. Содан бастап бұл күні Ішкі істер органдарының ардагерлеріне, еңбегі еленіп жүрген қызметкерлеріне құрмет көрсету игі дәстүрге айналып келеді. Аудандық ішкі істер бөлімінде өткен мерекелік шараға аудан әкімі Ардақ Дулатұлы Смайылов, облыстық мәслихат депутаты Клара Тұңғышқызы Меңдібаева және сала ардагерлері мен ішкі істер органдарының қызметкерлері қатысты.

Аудан әкімі Ардақ Дулатұлы құттықтау сөз сөйлеп, қоғам тыныштығы мен халық қауіпсіздігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген полиция қызметкерлерінің ерен еңбектерін тілге тиек етті. Сондай-ақ аудан басшысы ел құрметіне бөліп жүрген қызметкерлерге алғыс хаттар табыс етті. Аудан әкімінің алғыс хатымен: Бұланды аудандық полиция бөлімінің қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Олжас Серікұлы Жакупов, полиция бөлімінің қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Асет Маратұлы Сейткужин, полиция бөлімінің кезекші бөлімі кезекшінің көмекшісі полиция сержанты- Айтау Қайырден Қайроллаұлы, Ішкі істер органдарының ардагері отставкадағы полиция подполковнигі Жұмабек Мұндықұлы Мустафин және Ішкі істер органдарының ардагері оставкадағы полиция старшинасы Марат Аужанұлы Арингазинов марапатталады.

Полиция қызметкерлерін облыстық мәслихат депутаты Клара Тұңғышқызы Меңдібаева құттықтап, өз ізгі тілегін білдірді. Сөз алған Бұланды аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Айбек Нұрмағамбетұлы Бейсенбеков мерекелік құттықтау тілегін білдіріп, еңбектері еленіп жүрген бірқатар қатар қызметкерлер мен сала ардагерлерін марапат пен құрметтен тыс қалдырмады. Ішкі істер органдары ардагерлері кеңесінің төрағасы, отставкадағы полиция майоры Владимир Иванович Карпушин сөз сөйлеп, мерекемен құттықтады. Аудан өнерпаздары мерекелік шараны әсем әндерімен әрледі.

**Ж. ЗАНДЫБАЙ.**







# ДЕНСАУЛЫҚ САҚШЫЛАРЫНА ҚҰРМЕТ



Жыл сайын маусым айының үшінші жексенбісінде елімізде дәстүрлі түрде Медицина қызметкерлерінің күні аталып өтеді. Бұл күні – адам денсаулығын қорғау жолында аянбай еңбек етіп жүрген ақ халатты абзал жандарға ерекше құрмет көрсетіледі. Бұл мерекелі күн ауданымызда да атаусыз қалмады. Мәдениет үйіне жиналған медицина қызметкерлерін ауан әкімі Ардақ Дулатұлы Смайылов құттықтады. Мерекеге орай еңбектері еленіп жүрген бірқатар жерлестеріміз Ақмола облысы әкімінің, облыстық денсаулық сақтау басқарма басшысының және аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапатталды. Сондай-ақ аудандық аурухананың бас дәрігерінің орынбасары Торғай Жаманбайқызы Садвақасова және аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жандар Қадыржанұлы Ерниязов құттықтау сөз сөйлеп, әріптестерін мерекелерімен құттықтады.

Медицина қызметкерлерінің еңбегі – жауапкершілігі жоғары, аса маңызды мамандықтардың бірі. Олар күн мен түнге қарамай, адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін күреседі. Дәрігер болу – тек мамандық емес, ол үлкен жүректі, мейірімділікті және адамға деген сүйіспеншілікті талап ететін қасиетті қызмет. Әрбір сауығып кеткен науқастың қуанышы – медицина қызметкерлерінің еңбегінің жемісі.

**Өзіміздің ақпарат.**















# Тарих тағылымы – елдіктің негізі

Аудан орталғы 1945 жылы «қала» мәртебесін алды. Содан бері құлдырау мен өркендеуден өтіп тарих баспалдағынан өзіндік биік белесін бағындырып келеді. Қазір тоғыз жолдың торабындағы қаламыз қайнаған еңбектің ортасы. Осы орайда өткеніне үңіліп, тарихына бір тоқталып өтсек. Аудандық мұрағат басшысы Бектас Темірғалиұлы бір жазбасында: «Макинка елді мекенінің іргетасы 1914 жылы қаланғаны жайлы дерек энциклопедияда жарияланған және елді мекеннің атауы туралы әр түрлі нұсқадағы пікірлер бар. Бірі елді-мекен атауы темір жол салған Макинский деген құрылысшы-инженер тегі десе, бірі Макин деген жер телімін берушінің тегі себеп болған дейді және қазіргі Біржан сал ауданының Макинка селосының тұрғындарының бір бөлігі осы жерге қоныс аударған, соған байланысты аталған дейді. Бұған көршілес ауылдардың тұрғындарының «Ескі Мәтен», «Станса Мәтен»,-деп осы елді мекендерді әлі күнге дейін атауы дәлел болуы мүмкін. Аудан орталығының атауына қазақи мағына беріп Ақшатай Сәдуақасқызы бір ой айтып еді. Макин атауына Мақы қажы аулылының болғаны жайлы. «Чьи земли?- Мақы- Макы?- Макина...- Макина земли»- деген еді.

Ал, абыз ақсақал Ермек Қаратайұлы қала тарихы жайлы өз ойын былай жеткізген болатын: «Бұрын осы қаланың орнында елді-мекен болмаған. Осыдан 3-4 шақырым қаланың оңтүстігінде 6-7 үй болған. Олар 1886 жылдары Ресейден келген орыстар болатын. Қазіргі Тас Карерынен бастап қаланың солтүстігіндегі Көкшетауға өтетін тас жолдың бойына дейін Қараөзек колхозының егістік жері еді. 1929 жылы осы қала арқылы Турксиб темір жолы салынған соң поселка пайда болды. Темір жол стансясы салынып оған Макин темір жол стансясы деген ат берілді. Сатансияның Макин аталуына себеп «Ескі Мәтен» деп аталатын Прогресс совхозының ауылдық жерінде Макин атты өте бай көпес тұрыпты. Теміржол құрылысын салуға адамдай, көлікпен күрделі көмек берген екен. Бұрын жер, су аты болмағандықтан әлгі адамның атын берген көрінеді. Теміржол стансясы жұмыс бергеннен кейін жан-жақтан көшіп келіп, жұмыс істейтіндер көбейіп, халқының саны да артып отырған. Халыққа қажетті обектілер салына бастады. Дүкендер ашылып, үлкен базар орнады. Соғыс жылдары Мичуриннен үлкен зауыт әкеліп орнатты. Зауыт поршен сақиналарын, снаряттар дайындады. Он төрт-он бес жасар балалар мен әйелдер станокқа тұрып соғысқа керекті заттарды дайындайтын. Бұл зауыттың өнімдері кейін соғыс біткен соң 14 мемлекетке жөнелтіліп тұрды. Тағы да темірден жасалатын заттарды шығаратын зауыт салынды, кірпіш зауыты салынды. Степгеология орталығы Макинкаға орналасқан жылы сол аумақта Степгеология шағын қалашығы пайда болды. Бұл мекеменің бірнеше бөлімдері жұмыс істеп қаланың гүлденуіне септігін тигізді. Сонымен қатар, Макин қаласының көркеюіне үлкен ықпал еткен аудан орталығының Возносенка селосынан макинкаға ауысуы болды. Аудандық мекемелердің бәрі орталыққа көшіп келді. Қала тұрғындары үйлермен толыға бастады. Құрылыс обектілері жұмыстарын бастады».

Сондай-ақ, көнекөз қариялардың айтуынша қаламыздың оңтүстік батысындағы қарағайлы орманы жайқалған әсем алқапты Елтоқ (Көкі) руынан тараған Арыстан, Бостан, Өтебай және Қожамберді ауылдары жайлапты. Орман –тоғайларының «Қызыл ағаш», «Өтебай», «Бараба», «Құр ойнақ», «Атам шоқ», «Тойлық» деген атаулары болған көрінеді. Соңғы жылдары тек «Келте қыстау», «Қожамберді», «Сары томар» деген атауларын ғана құлағымыз шалып жүр. Сонымен қатар, бұл маңның «Көкілер елі» атануы да сол Елтоқ руына байланысты. Бұл жердегі Көкі деп отырғанымыз сол Елтоқ. Жалпы Елтоқ елге сыйлы, ауқатты, кез келген жиын, тойдың көркін кіргізіп отыратын адам болса керек. Сондай бір жиынның алдын бермей әңгімесін бастағанда сырын жақсы білетін құрдастары «Көкіді» деп әзілдеп, кейін «Көкі» атанып кетсе керек.

Ал, 1950 жылы өзгерістерге сәйкес Қараөзек, Қыстауқарағай және Еркіндік шағын колхоздары біріктіріліп орталығы Қыстауқарағай ауылы болды. Кеңес төрағасына Қани Сағадиев сайланды. Кейін осы жылы тағы ірі біріктірулер болды. Алайда бұл ұзаққа бармады 1968-1969 жылдары шаруашылықтың тозып, ыдырауына байланысты Қараөзек ауылы таратылды. Дегенмен еліміз егемендік алған жылдары туған өлкемізде игілікті істер жүргізілді. Жұртшылықтың қалауымен «Колоколовка» селосына ауылдың тарихихи атауы қайтарлған болатын.

Қала тарихы жайлы қандай дерек айтылса да біз үшін құнды. Бұл өткенімізді саралап, тарихымызды түгендеп өскелең ұрпаққа жол көрсетер құнды мұра қалдыруымызға септігін тигізер.

**З. ЖАЙНАРБЕК.**

# Волшебный мир сказок

В рамках летнего отдыха детей « Летние приключения в стране книжных чудес» в Модельной детской библиотеке прошла сказочная встреча «Волшебный мир сказок», участниками которой стали учащиеся пришкольного лагеря «Достық» школы-гимназии. В ходе мероприятия специалисты библиотеки провели для ребят викторину «Угадай сказку», загадывали загадки по сюжетам известных произведений и организовали игру «Назови героя». Дети активно отвечали на вопросы, вспоминали любимых персонажей и проявили хорошие знания сказок. Мероприятие способствовало развитию интереса к чтению, расширению кругозора и знакомству с лучшими произведениями детской литературы. Встреча прошла в тёплой и дружеской атмосфере, подарив участникам много положительных эмоций. Завершилось мероприятие весёлой фотосессией на память.

**Г. НУРКИШЕВА, старший специалист Модельной детской библиотеки.**



# Заветный, красный аттестат в твоих руках, это достойная победа!

2026 год, для Варвары Лысенко ученицы Макинской школы гимназии знаменателен тем, что она закончила школу с красным аттестатом.

Дорогая наша Варвара! Поздравляем тебя с получением красного аттестата, теперь заветный красный аттестат в твоих руках.

Ты честно, усердно трудилась и достигла результата. Пусть же полученные знания и приобретенные навыки продолжат тебе легкую дорогу в жизнь. Нелегко дался конечно красный аттестат! Сколько сил, терпения и времени было потрачено. Пусть все в жизни у тебя складывается только на отлично, пусть удача, всегда будет на твоей стороне.

Получение красного аттестата! Это результат твоих стараний, ни спавших ночей, десятки прочтенных книг и полученных знаний!

Желаю гордиться этим успехом. Эту дату можно обвести красным цветом в календаре, ведь красный аттестат в твоих руках – достойная победа и настоящий праздник, а значит билет в успешную жизнь. Желаем тебе никогда не останавливаться и смело идти к важным целям. Стремись, действуй, покоряй и добивайся своего.

От всей души поздравляю с получением красного аттестата и хочу пожелать чтобы в руках с ним для тебя везде горел зеленый свет.



Любимая наша ВАРВАРА!

Ты не просто отличница,

Ты самая красивая, восхитительная, очаровательная, обаятельная, неподражаемая.

Ты очень грамотная, и образованная.

Ты у нас всего достойна.

Этот красный аттестат в будущем тебе поможет,

Оставайся у успеха под крылом.

И тогда ты все на свете сможешь.

Желаем тебе такой жизни в которой

Будет чем гордиться и о чем помечтать!

Вот уже 41 год на Буландынской земле существует ингушский народный ансамбль «СЕРДАЛО», и Варвара активно его посещала, и показала себя здесь только с положительной стороны, очень ответственная, внимательная, добрая, принимала участие во всех мероприятиях посвященных знаменательным датам, в том числе и в престижных Международных конкурсах.

Ингушский народный ансамбль «Сердало» выражает огромную благодарность и признательность маме Варвары – Татьяне Валерьявне. Этот долгожданный день, безусловно, огромная радость для Вас. Пусть сбудутся все надежды, которые вы возлагаете, а успехи станут наградой за вашу любовь и заботу. Спасибо Вам за прекрасное воспитание вашей добросовестной, и общительной дочери, за то, что Вы дали ей замечательное образование, за то, что привили ей доброжелательное отношение к людям, уважение к старшему поколению, уважение к традициям и обычаям других народов.

Уважаемая Татьяна Валерьевна огромное спасибо Вам, за отзывчивость, взаимопонимание, и за активное участие в жизни ансамбля.

Желаем Вам крепкого здоровья, семейного благополучия, душевного тепла, счастья и радости Вам.

**Р. ГАГИЕВА, руководитель ингушского народного ансамбля «Сердало».**

# ӘРТҮРЛІ ТАҚЫРЫПТАР – НА РАЗНЫЕ ТЕМЫ

## Көкшенің Мәулітбайы

Көкше – тастүлектей қияны шала білген талай тектіге құтты мекен болған жер. Аңызға толы абыз даласының қойнауында шерінді тарқатар шежірелі тарих жатыр. Ал, оны келер ұрпаққа жеткізу біздің мойнымыздағы аманат. Жақында қолыма Көкше өңірінің төл перзенті, Дінмұхаммед Қонаевтің үзеңгілес серігі болған Мәулітбай Кәрімовтың төл туындылар, жазған естеліктері түсті. Төл туындылары болғанда кәдімгі өз қолымен 1940-44 жылдары жазған еңбектері. Ұрпақтарынан алдым. Тозығы жеткен қойын дәптері сары майдай сақталыпты. Құнды деректердің қолыма тигеніне жерден жеті қоян тапқандай қуандым. Ар жағынан бастайтын болсам Мәулітбай Кәрімұлы Көкше жеріне аты қалған Ақылбай сынды асылдың ұрпағы. Қазірдің өзінде табиғаты таңдайыңды қақтыратын Ақылбай деген ауыл бар. Жалпы Мәулітбай 1928 жылы 17 қарашада Көкшетау облысы, Чкалов ауданы Жарқайың ауылында дүниеге келген. 1954 жылы ВЛКСМ Орталық Комитеті жанындағы Орталық комсомол мектебін, 1960 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік институтын, 1961 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітірген. Алғашқы еңбек жолын 1942 жылы туған ауылында колхозшы болып бастады. Кейін 1946-47 жылдары «Көкшетау правдасы» газетінде әдеби қызметкер, 1947-49 жылдары Көкшетау облысы Қазақстан ЛКСМ Красноармеец аудандық комитетінің ұйымдастыру-нұсқаушылық бөлімінің меңгерушісі, 1951 жылы Қазақстан ЛКСМ Еңбекшілдер аудандық комитетінің бірінші хатшысы, 1952 жылы ВЛКСМ Орталық Комитеті жанындағы Орталық комсомол мектебінің тыңдаушысы болып қабылданды. Бітіргенен кейін 1954 жылы Қазақстан ЛКСМ Қызылорда қалалық комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. 1956 жылы осы комитеттің екінші хатшысы болып сайланып 1958 жылға дейін еңбек етті. 1958 жылы Алматы жоғары партия мектебіне тыңдаушы болып қабылданып, 1961 жылы бітіріп шықты. 1961 жылдан 1964 жылдың соңына дейін Қазақстан Компартиясы Көкшетау облыстық комитетінің партиялық органдар бөлімінің нұсқаушысы, насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Қазақстан Компартиясы Щучье қалалық комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарды. 1965-69 жылдар аралығында халық депутаттары Рузаев аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағасы болды. Кейін осы ауданда комитеттің бірінші хатшысы болып еңбек етті. 1980-86 жылдары Көкшетау облыстық халықтық бақылау комитетінің төрағасы қызметін атқарған. 1986-88 жылдары Қазақстан Компартиясы Көкшетау облыстық партия комитеті жанындағы партиялық бақылау комиссиясының нұсқаушысы болып еңбек етті. 1988 жылы еңбек демалысына шықса да Бейбітшілік қорын басқарды. Қол қусырып қарап қалмай қоғамдық өмірге атсалысты. Иә, атқарған еңбек жолының өзі бір төбе. Ерен еңбегі үшін Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Құрмет Белгісі ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Адами асыл қасиеттері, ақыл-парасаттылығымен ел есінде қалған Мәулітбай Кәрімұлы қандай абыройлы қызметтерде жүрсе де қолынан қаламын тастамаған жан. Қолымызға түскен Мәулітбай ағаның төл туындыларының арасында жүрек жарды өлеңдері, ұлт болашағы жайлы өзекті мақалалары, ой-толғаулары бар екен. Мәулітбай Кәрімұлы жайлы естеліктерге көз жүгіртken едік бүгінгі көш бастаған, атқа мінер азаматтардың өзі еміреңе еске алған екен. Саясаттанушы, профессор Қажыбай Қабыл-Фазыл өз жазбасында: «Замани тұсау салды. Әйтпесе, екінші Мәкең де, Мәулітбай аға алыптар қатарына қосылары даусыз еді. Ол туа біткен талантты ақын болатын...»,- деп еске алыпты. Мәулітбай аға 2003 жылы дүниеден өтті. Қазасына күллі қазақ даласы қайғырды. Көкшенің қарымды қаламгері, ардақты ақындарының бірі Төлеген Қажыбаев Мәулітбай ағаның рухына былай жыр арнаған екен:

Адалдық пен Адамдықтың ажарындай жан аға,
Кешемісің біз пақырды жетпей келсек бағаңа.
Туған жұртым жылынсын деп жүрегінді төсеп ең,
Сізді бізден бөлетұғын мына қатал қаза ма?!

Адалдық пен Адамдықтың арындай ең, бауырым,
Кештің бастан тірлігіңнің тақсіретті ауырын.
Сезінуші ем дидарыңнан сарабдалдық сәулесін,
Сол сәуленімен нұрландырдың қалың Көкше қауымын.

Адалдық пен Адамдықтың ту биігі өзің боп,
Еркелеген, еркінсіген бір өзіңе кезім көп.
Орманыңды өрт шалғандай, жұтап қалған жайым бар,
Қалай сенем деген сөзге мына өмірде өзің жоқ.

Адалдық пен Адамдықтың қосындысы тәрізді,
Ғажап едің жайсаң мінез жаның жомарт әрі ізгі.
Туған елдің жырын, сырын көкірегіне қотарған,
Енді қайдан кезіктірем тап өзіңдей абызды.

Кешемісің біз пақырды жете алмасақ бағаңа,
Қазаңменен салдың салмақ сандалмалы санаға.
Жолықтырмай енді сені сағынармыз сарғайып,
Топырағың торқа болсын аяулы аға, жан аға!

**З. ЖАЙНАРБЕК.**

## Ата өнегесі – ұрпаққа аманат

«Жақсының аты өлмейді» деген дана халқымыздың бір-ақ ауыз сөзінің астарында қанша ма мән, мағына жатыр. Біз үшін аты мәңгі жадымызда жаңғырып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қалатын жандардың бірі атамыз Құдайберген. Біз үшін есімі мақтанышқа айналған атамыздың шағын өмір жолына тоқталсақ. 1942 жылы Алтайдың шығыс бетінен терісқей бетіне 50 үй отбасы келіп қоныстанды. Оны тарихта Байқадамның 50 үйі немесе Байқадам ауылы деп атап кетті. Бір ауыл болып орналасқан 50 үй сол жылдың күзінде басшылық тарапына мектеп салып беруді өтінді. Мектеп ашып берсе оқытаты ұстаздар бәрі өзіміде бар деп мектеп ашу жұмысына бел шеше кірісті. Сол жылы азғантай баламен оқу жылын лат әріпімен хат танытып бастап кетті. Ауыл үлкендері ұрпақтың білім алуына басты назар аударды. Мектеп ашылғаннан кейін «Шұғыла» бірлестігі құрылды. Осылайша 50 үй тамыры терең кеткен елге айналды. Атамыз Тәшұлы Құдайберген 1942 жылы сол мектептің алғашқы түлегі болды. 1943 жылы атамыз көмір кеніне жұмысқа аттанды. Басында буғанасы әлі қатпаған жас баланың еңбекке де жасы толмады. Бірақ таныстарының араласуымен жұмысқа орналасты. Осылайшы өмір жолындағы, еңбек майданындағы атамыздың алғашқы қадамы басталды. Атамыз сол еңбек жолын бастаған Налайх көмір кенінде 1952 жылға дейін жұмысшы болып еңбек етті. Кейін 1952-1954-жылдарда Налайх көмір кенінің 11-салалық көмір кенінде техник, 1954-1956-жылдарда 11-салалық көмір кенінде басшы, 1956-1957-жылдарда Баян-Өлгий аймағы Баяннуур сұмынында мал дәрігері, 1957-жылы Баян-Өлгий аймағы 2-10 жылдық орта мектебінің директорының орынбасары, 1957-1958-жылдарда аймақтық сауда ұйымында бөлім меңгерушісі, бастықтың орынбасары, 1958-1960-жылдарда Налайх көмір кенінің салалық көмір кенінде орынбасар, бастық, инженер, 1960-1965-жылдарда Увс аймағының Явар, Хар тарвагатай көмір кені бастығы, 1965-1966 жылдарда мамандық курс оқыған, 1966-1970-жылдарда Увс аймағының Хотгор көмір кенінде басшылық қызметін атқарған. Қоғам қайраткері Тәшұлы Құдайберген негізгі жұмысымен қатар сайлау арқылы Жалпы Халық Ұлы Хуралы депутаттығына 1951, 1954, 1957-жылы қатарынан үш рет сайланған халық қалаулысы болды. Сонымен қатар еліміздің Кәсіподақ кеңесінің пленум мүшесіне де сайланған. Аймақтық, сұмындық депутатқа 3 рет сайланған, әйгілі шахтер, қоғам қайраткері болды. Құдайберген атамыздың еңбегін үкіметі тарапынан жоғары бағаланып «Ударник», «Алтын жұлдыз» ордені, «Еңбек құрметі» медалы, Халық төңкерісінің 40 жылдық мерекелік медалдарымен марапатталды.

Бүгінде сол Құдайбергеннің ұрпақтары Бұланды елінде еселі еңбек етіп келеді. Ұрпақтары әртүрлі салада ерен еңбек етіп, еңбектерінің жемісін көруде. Біздің айтпағымыз ұрпағы үшін есепі еңбек ете білген аталарымыздың, бабаларымыздың ерен еңбегі ұрпақ санасынан еш ұмытылмайды.

**Ш.ТАҢАТАР.**

## «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары

Мемлекеттік қызметті қағаз түрінде көрсету кезінде өтініштер мен құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы Тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші, Мемлекеттік корпорацияның операциялық залының жұмыскері (операторы) өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік құпиясөзді беру арқылы немесе портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы ұсынылған құжатты иеленушінің келісімі болған жағдайда алады.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған дербес деректер мен заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші порталда тіркелген кезде көрсетілетін қызметті алушының келісімімен жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе және мемлекеттік қызмет көрсету күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет екі кезеңде көрсетіледі.

Бірінші кезең: сұралып отырған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындау, жер учаскесін таңдау актісін дайындау, сәулет-жоспарлау тапсырмасын, инженерлік желілерге қосылуға техникалық шарттарды және топографияны жасау – 28 (жиырма сегіз) жұмыс күні ішінде:

Келісуші органдар 12 (он екі) жұмыс күні ішінде мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша жер учаскесін беру мүмкіндігі туралы тиісті қорытынды ұсынады.

Табиғи монополиялар субъектілері сауалнама парағын алған күннен бастап техникалық шарттарды, ахуалдық схеманы және топографияны алған күннен бастап үшін 5 (бес) жұмыс күні ішінде инженерлік желілерге қосылуға техникалық шарттарды дайындайды және ұсынады.

Мемлекеттік корпорацияның қорытындысына сұратылып отырған жер учаскесі бойынша мәліметтер және жер-кадастрлық жұмыстары үшін смета қоса беріледі.

Сұратылып отырған жер учаскесі бос болмаған жағдайда, 3 (үш) жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне жер учаскесіне құқық беруден бас тартуға негіз болатын тиісті ақпаратты жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде – сәулет және қала құрылысы саласындағы уәкілетті орган 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы хабарлама дайындайды және сәулет және қала құрылысы саласындағы уәкілетті органның басшысына қол қоюға жолдайды;

Түпкілікті таңдау актісін келісу және оның жер-кадастрлық жұмыстар бойынша көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді өтініш беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Өтініш берушімен келісілмеген жер учаскесін таңдау актісінің қолданылу мерзімі 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті алушы жер учаскесін таңдау актісін келіскеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын алу күні туралы хабарлама қол қою үшін береді.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін Мемлекеттік корпорация сәулет және қала құрылысы саласындағы уәкілетті органға көрсетілетін қызметті алушының хабардар ете отырып, келісілмеген жер учаскесін таңдау актісінің күшін жою үшін қайтарады.

Екінші кезең: көрсетілетін қызметті алушы жер учаскесін таңдау актісін келісу және жер-кадастрлық жұмыстардың қызметтері үшін ақы төлеу кезінде жер-кадастрлық жоспарды қоса бере отырып, жер учаскесіне жер пайдалану құқығын беру туралы шешім шығару, уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасау – 18 (он сегіз) жұмыс күні ішінде:

Жер учаскесіне құқық беру туралы көрсетілетін қызметті берушінің шешімінің көшірмесі, жер-кадастрлық жоспар 1 (бір) жұмыс күні ішінде уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын дайындау үшін жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органға жіберіледі;

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет екі кезеңде көрсетіледі.

Бірінші кезең: сұралып отырған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындау, жер учаскесін таңдау актісін дайындау, сәулет-жоспарлау тапсырмасын, инженерлік желілерге қосылуға техникалық шарттарды және топографияны жасау – 28 (жиырма сегіз) жұмыс күні ішінде:

Келісуші органдар 12 (он екі) жұмыс күні ішінде жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша беру мүмкіндігі туралы тиісті қорытынды ұсынады.

Табиғи монополиялар субъектілері техникалық шарттарды, ахуалдық схеманы және топографияны алу үшін сауалнама парағын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде инженерлік желілерге қосылуға техникалық шарттарды дайындайды және ұсынады.

Мемлекеттік корпорацияның қорытындысына сұратылып отырған жер учаскесі бойынша мәліметтер және жер-кадастрлық жұмыстары үшін смета қоса беріледі.

Сұратылып отырған жер учаскесі бос болмаған жағдайда, жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне жер учаскесіне құқық беруден бас тартуға негіз болатын тиісті ақпаратты 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді;

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде – сәулет және қала құрылысы саласындағы уәкілетті орган 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы хабарлама дайындайды және сәулет және қала құрылысы саласындағы уәкілетті органның басшысына қол қоюға жібереді;

Көрсетілетін қызметті алушы жер учаскесін таңдаудың түпкілікті актісін келісуді және оның жер-кадастрлық жұмыстар үшін көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті алушының келісілмеген жер учаскесін таңдау актісінің қолданылу мерзімі 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті алушы жер учаскесін таңдау актісін келіскеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға қол қою үшін уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын алу күні туралы хабарлама береді.

Екінші кезең: жер учаскесін таңдау актісін келісу және көрсетілетін қызметті алушы жер-кадастрлық жұмыстардың қызметтері үшін ақы төлеу кезінде жер-кадастрлық жоспарды қоса бере отырып, жер учаскесіне жер пайдалану құқығын беру туралы шешім шығару, уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасау кезінде – 18 (он сегіз) жұмыс күні ішінде:

Кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері шешім қабылдаған жағдайда, бекітілген жер-кадастрлық жоспар көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жіберіледі;

Шағым ҚР ӘРПК 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) шағымды жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымды қарау өкілеттігі берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себебін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағымды қағаз жеткізгіште берген кезде) немесе электрондық нысанда (шағымды электрондық түрде берген кезде) хабарлайды.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

**«Бұланды ауданының Карамышевка ауылдық округі әкімінің аппараты ММ.**

# БҰЛАНДЫНЫҢ АЙТУЛЫ ПЕРЗЕНТІ – ТҰРСЫНБЕК КӘКІШЕВ

## ҰЛТ МАҚТАНЫШЫНА АЙНАЛҒАН ТҰЛҒА

15-тамыз қазақ әдебиетінің дара тұлғасы, ұлт көсемі, ғалым, сыншы, филология ғылымдарының докторы, халықаралық жоғарғы мектеп ғылым академиясының құрметті академигі Тұрсынбек Кәкішұлының туған күні. Өзі мәңгілікке аттанса да артында өлмейтін сөзі, сарқылмас мұрасы қалған даңқты жерлесіміздің есімін ұмыту мүмкін емес. Керісінше, Тұрсынбек Кәкішұлының туындылары, еңбектері жылдар жылжып алыстаған сайын шоқ жұлдызындай жарқырай түседі. Өйткені, қалдырған дүниелерінің құндылығы басым, маңыздылығы ерен.

Тұрсынбек Кәкішев саналы ғұмырын қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуге арнады. Әдеби сынды жаңа белеске көтеріп, тың сүрлеу салды десек артық айтқандық емес. Бір қуанарлығы парасат-пайымы дара тұлғаның кіндік қаны тамған жер Бұланды ауданы. Өмір дерегіне үңілсек 1927 жылы 15 тамызда Ақмола облысы Бұланды ауданының Бөрлі ауылында дүниеге келген.

Ол жайлы көз тірісінде берген сұхбат, жазбаларының бірінде: «Мен қазақ жерінің бір әдемі өлкесінде, Көкшетау облысы, Бұланды ауданының Алтынды деген кентінде туып өстім. Туған жерім Бөрлі – Швейцарияға бергісіз жер. Дүние жүзін аралаған уақытта табиғаттың ешбір көркемдігіне таң қалмаймын. Өйткені, туған жерім одан артық. Астанадан Бурабайға жол тартқан жолаушылар Көкшетаудың сұлулығына тамсанбай өтпейді»,-дейді.

Табанды еңбегінің арқасында ұрпаққа құнды мұра қалдыра білген қайраткердің еңбек жолына тоқталсақ: 1950 жылы Қазақ мемлекеттік университетін, 1960 жылы Қазақ КСР ҒА Тіл және әдебиет институтының аспирантурасын бітірген. 1944-1945 жылдары Ақмола облыстық Қазақ драма театрында актер, сол жылдары «Лениншіл жас» газетінде бөлім меңгерушісі. 19950-1958 жылдары Партия тарихы институтында, 1960-1968 жылдары Қазақ КСР ҒА-ның М.Әуезов атындағы өнер институтында ғылыми қызметкер. 1968 жылы КазМУ-де аға оқытушы, доцент, профессор болып қызмет істеді. Өскелең ұрпаққа білім беру ісі мұнымен аяқталған жоқ. Өмірінің соңына дейін жастарға білім беріп, шәкірт дайындап өтті.

Тұрсынбек Кәкішевті қазақ әдебиетінің бүгінгі алыбы, тау тұлғасы дейтін де жөні бар. Өйткені еселі еңбек ете жүріп, елеулі дүниелер жазып, өлмес туындылар қалдырды. Мәселен әдеби сын тарихын зерттеген «Сын сапары», «Оңаша отау», «Үштасқан үш өзенмен», «Жол үстінде 80 күн», «Жасампаз өлке», «Кер заманның кереғар ойлары» тағы басқа көптеген жинақтары мен кітаптары оқырманға ой салатын құнды дүниелер. Ал, «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты монографиясы қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарында оқулық ретінде қолданылып келеді. Сонымен қатар әдебиет сүйер қауым Тұрсынбекті Сәкен танушы ретінде жақсы біледі. Ғалым Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын зерттеп біршама кітаптар шығарды. Олар: «Сәкен Сейфуллин», «Қызыл сұңқар», «Сәкен және Гүлбаһрам», «Сәкеннің соты», «Тар жол тайғақ кешудің тағдыры», «Мағжан-Сәкен», «Сәбең әлемі» және тағы басқалары. Даңқты жерлесіміз жайлы айта берер болсақ атқарған қызметтері мен жазған еңбектері жетіп артылады.

Өзінен кейінгілерге: «Зиялы қауымсыз жүрер жолымыз даңғыл бола алмайды. Зиялысы келіспей ел оңбайды. Сондықтан бүгінгі қазақ зиялылары өзіне заман жүктеп отырған ұлы міндетті яғни елдің тәрбиешісі, ұрпақтың ағартушысы, ұлттың жоқшысы, қамқоры, халықтың жетекшісі, келешектің барлаушысы болу парызын орындауға тиіс»-деп өсиет айтып кеткен Тұрсынбек Кәкішевтің қазақ халқымен бірге мәңгі жасай береді.

**З. ЖАЙНАРБЕК.**

## ҰСТАЗ

Қожа Ахмет Иассауидің ұстазы Арыстан баб бір түйір құрманы ұртында талай жыл сақтап жүріп, шәкіртіне тапсырған екен. Алланың аманатын шәкіртінің қолына ұстатқанына бұ дүниеде ең үлкен іс тындырдым деп кетіпті.Ұстаздың ұртындағы Құрма – оның жиған білімі, рухани, адамдық қасиеттері. …Бұрын ұлттық кадрларға деген көзқарастың қиын тұсында жоғары оқу орнын бітірген адамның төлқұжатындағы тіркелген жеріне қарап, басы алтын, аяғы күміс болса да ауылына жіберетін. Кең Қазақстанның әр түкпірінен келген, білімі болғанымен, сүйеуі жоқ сары үрпек балапандай, талай жігіттер құм-құмның арасына барып, сіңіп жоғалып та кеткендері болды. Шығармашылық адамына өсу үшін өзіндік орта керек екені ескерілмеді. Ал Алматыда тіркеліп алған, көбіне өзге ұлттың өкілдері қамшыласаң да, сыртқа бармайды. Амалын тауып үстел басына ие болып, ғылыми атақ қууына олардың мүмкіндігі зор еді.

Осы күндерге 1968 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында қызмет істеп жүрген Тұрсынбек Кәкішев әдеби үйірме жүргізетін. Үйірмеде небір талапты жігіттер бар. Олардың білімі мен мәдениеті басқалардан ерекше екенін танып алған үйірме жетекшісі оқуларын бітірген соң әлгі балаларды соңына ертіп, Оқу министрлігіне тартты. Сондағы жігіттердің айтуынша, алдында атақаздай бастап бара жатқан – Тұрсынбек аға, соңына имене ерген жасөспірімдер: Жанғара Дәдебаев, Серік Негимов, Болатжан Әбілқасымов, Балтабай Әбдігазиев, Ж.Әбішевтер болатын.

Оқу министрінің сол кездегі орынбасары Әуезхан Қанафиннің алдына әлгі жігіттерді қаздай тізіп отырғызып қойды да, болашағы бар, білімді, елге тұтқа болар азаматтар екенін, сондықтан Алматыда қалдыру керектігін айтты. Әуезхан Қанафин: «Жақсы мұғалім ауылға керек емес пе?», – депті.

ХХ ғасырдың 50-ші жылдары әдебиеттану ғылымына бір топ жас жігіт келіп, сол кезеңде репрессияға ұшыраған аға ғалымдардың орнын басып, өздерін бірден танытқан болатын. Бұл шоғырдың ішінде З. Ахметов, М. Базарбаев, З. Қабдолов, А. Нұрқатов, С. Қирабаев, Р. Бердібаев сияқты белгілі азаматтар жүретін. Солардың ортасында Тұрсынбек Кәкішев бар болатын. Әділін айтқанда, ұлылар мен алыптар тобы ұлттық әдебиеттанудың іргетасын қалап, өмірге әкелсе, оның керегесін керіп, уығын қадап, жоғары дәрежедегі ғылым ретінде қалыптастырған – осы үркердей топ. Бұл топта өзінің өте маңызды еңбектерімен ерекше көрінген ғалым – Тұрсынбек Кәкішевтің болғанын ашық айту керек. Оның еңбектері бірнеше саланы қамтиды. Ғалым қазақ әдеби сынын тереңінен зерттеп, оны жеке ғылыми салаға айналдырды, арнайы пән ретінде білім жүйесіне енгізді. Тұрсекең архив жазбаларын ақтарушы ғалым болды. Соның арқасында көптеген жаңа деректер тапты, «Садақ» журналын жария етті, қаншама тың ойлар мен тұжырымдар жасады. Әсіресе, Сәкен Сейфуллиннің мұрасына қатысты, Мағжанның тағдырына байланысты өте мәнді де маңызды мәліметтер тапты, екі ұлы ақынның арақатынасын ашып көрсетті.

Тұрсекең – өр мінезді, ұлтжанды азамат. Турашыл ол өмірге әр түрлі құбылыс пен оқиғаға сын көзбен қарай білді, ойын бүкпесіз, тура айтудан тайынбайтын.

**А. ҚЫРАУБАЕВА.**

## СӘКЕН МЕН ТРОЦКИЙ

- Осы Сәкен мен Троцкийдің арасы қандай болған? Оған ақынның өлең ғана емес, тұтас жинақ арнағанының сыры неде?

Л.Д.Троцкий С.Сейфуллинмен кездесті ме, жоқ па, оны дәлелдейтін дерек қолымызда жоқ. Троцкийдің мұрағаты біз түгілі, мәскеуліктердің де қолына әлі тие қоймаса керек. Бірқыдыру ағайындар, әсіресе, еврейлер оны әулиеге айналдырмақ болып жанталасқандарына едәуір уақыт болды. Орыс шовинизмі оны онша қаламайды. Сталинді қаралау қажет болғанда ғана Троцкийдің аруағын еріксіз шулатып жатады. Ал, қазақтар оның 1927 жылы жер аударылып, Алматыға келгенде көшеде ит жетектеп жүргенін білгеннен әріге бара қойған жоқ. Оның аты 30-жылдардағы қызыл қырғын тұсында айыптауға негіз болғандықтан, «аш құлақтан тиыш құлақ, сол пәленнен аулақ» деп бет сипай салған сияқтымыз. Өйтпеске амал да жоқ. Мәскеу бәрін біліп-көріп отырды.

- Осы Сәкен мен Троцкийдің арасы қандай болған? Оған ақынның өлең ғана емес, тұтас жинақ арнағанының сыры неде?

Л. Д. Троцкий С. Сейфуллинмен кездесті ме, жоқ па, оны дәлелдейтін дерек қолымызда жоқ. Троцкийдің мұрағаты біз түгілі, мәскеуліктердің де қолына әлі тие қоймаса керек. Бірқыдыру ағайындар, әсіресе, еврейлер оны әулиеге айналдырмақ болып жанталасқандарына едәуір уақыт болды. Орыс шовинизмі оны онша қаламайды. Сталинді қаралау қажет болғанда ғана Троцкийдің аруағын еріксіз шулатып жатады. Ал, қазақтар оның 1927 жылы жер аударылып, Алматыға келгенде көшеде ит жетектеп жүргенін білгеннен әріге бара қойған жоқ. Оның аты 30-жылдардағы қызыл қырғын тұсында айыптауға негіз болғандықтан, «аш құлақтан тиыш құлақ, сол пәленнен аулақ» деп бет сипай салған сияқтымыз. Өйтпеске амал да жоқ. Мәскеу бәрін біліп-көріп отырды.

КПСС Орталық Комитеті, оның жағымпаз басшылары «ВКП(б) тарихы (қысқаша курс)» жарияланғаннан кейін Троцкийдің атқарған қызметі былай тұрсын, атының өзін ауызға алуға тыйым салды. Әлдеқалай атала қалса, қаралап көрсетуге тиіс болдық. Сонау 1918 жылғы Брест бітімі тұсындағы «Иуда Троцкий» деген атақ алып, азамат соғысындағы бассыздықтары мен рақымсыздығы қаулай келіп, көсемдік таласқа ұласқан болатын. И.В.Сталин партияның бас хатшысы болып сайланғаннан кейін бақталастық күшейіп, талай қоғамдық-әлеуметтік мәселелерде троцкийшілдік сыр берген еді.

Қазан төңкерісін саналы түрде қабылдаған, 1920 жылы Қазақ АССР Атқару Комитетінің Президиум мүшесі ретінде «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы, советтердің 1922 жылғы үшінші съезінде Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып сайланған С.Сейфуллин Мәскеуде, жоғарғы жақта не болып жатқаннан хабарсыз еді деуге болмас. Өңгеден бұрын газет пен үкімет басшысы әрбір іс-әрекетті елден бұрын біліп, мән беріп, елеңдейтінін ескерер болсақ, онда Сәкен ойланбай от басқан, әр қадамын жете аңғара алмайтын пенде дей алмайық.

Қоғамдық әлеуметтік мәселелерде одақтаса кетіп, түтіндері бір бағытта шалқитын А.В.Луначарскийдің өзінің қандыкөйлек жолдасы жайындағы: «Троцкий чрезвычайно дорожит своей исторической ролью и готов был бы, вероятно, принести какие угодно личные жертвы, не исключая своей жизни, для того, чтобы остаться в памяти человечества в ореоле трагического вождя. Властолюбие его носит тот же характер, что и у Ленина, с тою разницей, что он чаще способен ошибаться. Не надо думать, что второй великий вождь русской революции во всем уступает своему коллеге, есть стороны, в которых Троцкий бесспорно превосходит его: он более блестящ, он более ярок, он более подвижен. Нет человека, который мог бы заменить в этом отношении Троцкого», - деген мінездемені Сәкен естімеді, білмеді деп айту қиын. Өйткені, «Қара бүркіт» (Арыстан Дәуітұлы Троцкийге арнаймын) атты 1922 жылғы өлеңде осы сипаттаманың біраз көрінісі бар.

Биікте бойын безеп таранады,
Күнбатыс, Күншығысқа қаранады.
Айнадан жердің жүзін анық көріп,
Әлемді көзбен санап аралады, - деген мінездемені нақтылағанда «айбатты, түсі суық, қасын керген» деп суреттей келіп, Европа империалистерінің «Гаага, Лозанна деген қалаларда биыл Европаның қазіргі жалмауыз сұм, сұғанақ үкіметтері Азия, Күншығыс халықтарын сыпайылап, тірідей қалай жұтып қоямыз деп кеңескенін» айтып келеді де:

Саңқылдап салды ұран, көкірек кернеп,
Ұшуға оңтайланды қанат сермеп,
Толғанды оңды-солды күшін жиып,
Не өлмек, не жалпы азаттықты көрмек!

- болған «қара бүркіттің» мінезқылығын да, іс-әрекетін де Л.Д.Троцкийге ұқсатады. Сөйтеді де:

Қыраным! Топшыңды жи, қанат қомда!
Ұранды қаттырақ сал оңды, солға.
Жауың көп алыста да, жақында да
Ұшсаң да, отырсаң да қамсыз болма!

- деп өзінің тілектестігін білдіріп, Троцкий сияқты әлемдік революцияның болатынына сенетінін сездіреді. Бұл баллада «Еңбекші қазақ» газетінде 1923 жылы 14 қаңтарда, содан соң «Қызыл Қазақстан» журналының 14-санында жарияланды.

Мен бұл деректі әдейі келтіріп отырмын. 1923 жылы наурыз айында өткен Қазақстан коммунистерінің ІІІ конференциясында Сәкеннің «Азия (Европаға)» деген өлеңі үлкен айғай-шу шығарған болатын.

Сәкен Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып 1922 жылы қараша айында сайланды. Сол жылы оның «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағы мен «Қызыл сұңқарлар», «Бақыт жолында» пьесалары жеке кітап болып шыққанда, «Шолпан» және «Темірқазық» журналдары мықтап сынаған болатын.

Бірақ, оған айылын жинамаған Сәкенді енді саяси жақтан шалу керек деп, мән-мағынасы екі ұштылау «Азия (Европаға)» балладасына жабысқанды. Ол шығарма 1922 жылы 1 маусымда жазылып, 8 маусымда «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланды. Онан кейін 3 қыркүйекте «Тілші» көшіріп басты. 1922 жылы 13 қазанда шыға бастаған «Шолпан» журналы өзінің 1-санында Сәкеннің осы өлеңіне ілтипат білдіріп, қысқартпай толық басып шығарды. Демек, баллада көпшіліктің көңілінен шығады дей қоймағанмен, таяу арада жарылатын мина барын сезген сияқты.

Орынборға келгенге дейін бе, келгеннен соң ба, әйтеуір, Мұхтар Саматов аударған өлең ВКП(б) Орталық Комитетінің өкілі Е. Ярославскийдің қолына тиіп, ол негізгі баяндамасында оны ұлт республикаларындағы, әсіресе, Киргизиядағы (1925 жылға дейін осылай атанған болатынбыз) коммунистерді ұлтшылдықпен айыптауға керекті материал деп тапты.

«Ұлтшылдық, паназиаттық «уклонның» не екенін анық байқату үшін жергілікті жолдас жазған «Азия-Европа» деген өлеңді мысалға келтірейін. Мұнда белгілі бір идеологияның салқыны бар. Бұл таптық күрес емес, ұлттар күресі. Бұл - мәселені марксистік тұрғыдан түсіну емес», - деді Е. Ярославский. Алма Оразбаева сөйлеген сөзінде Сәкен Троцкий жолдасты «банда» деді деп пәле жапты. «Бенде» деген сөзді «банда» деп түсіндірді. Әңгіме қыза түсті. 14 қазақ коммунисі Сәкенді былай сынауға болмайды, «с первого момента открытия III всекиргизской партийной конференции наблюдается определенное течение, направленное к обвинению киргизских коммунистов в национализме. Нижеподписавшиеся киргизские коммунисты категорически протестуем против предъявленных обвинений в национализме» деп жазбаша мәлімдеме жасады.

Сонда да кеулеп те керіп келе жатқан шовинистік көзқарас айылын жимай, Е. Ярословский: «Бұл өлең жайындағы пікірді мен даладан алғаным жоқ. Тоқтыбаевтың мақаласынан оқыдым, онда автор идеялық қателіктерді («Азия», «Иван мен Мырзабек») атап көрсеткен. Оны айтқан Тоқтыбаев, мен емес. Киргизияның жағдайын жақсы білетін жолдас осылай деп айтып отырса, оны мен неге айта алмаймын? Ұлтшылдық пен халықшылдықтың ықпалы бар, революциялық өлеңдермен қатар таза ұлтшылдық бағыттағы өлеңдер де бар деп айта алғанда, мен неге айта алмаймын?» - деп бет қаратпай қойған болатын. Мұның бәрі 1937 жылы Сәкенді айыптауға негіз болды.

Сәкеннің қиындық көрсе шыңдала түсетін, сынға ұшыраса шамырқана түсетін мінезі осындай саяси мәселеден де айқын көрінеді. Конференциядан кейін, 29 наурызда «Ұлтшылдық пен отаршылдық шовинизм» деген ащы мақала жазып, 1923 жылдың 14 қаңтарында «Еңбекші қазақ» газетінде жариялады. 15 ақпанда «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деп республика атын өзгертуді ұсынды. Көкек айынан бастап Халық Комиссарлары Кеңесінде кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу жайын ептеп барлап көрді де 25 маусымда «Кеңселерде істі қазақ тілінде жүргізуге кірісу» туралы айбынды мақала жазды. Үлкен мәжіліс-жиындарда, сессияларда үзбей сөйлеп, газет-журналдарда 8 мақала шығарды. Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Сейітқали Мендешев пен хатшы Жанайдар Садуақасовтың былқылдатуына, жан-жаққа секемдене қарауына жол қалдырмай, 1923 жылы 22 қарашада қазақ тіліне мемлекеттік статус беретін декретті қабылдатты.

**(Жалғасы 5 бетте).**

# БҰЛАНДЫНЫҢ АЙТУЛЫ ПЕРЗЕНТІ – ТҰРСЫНБЕК КӘКІШЕВ

## СӘКЕН МЕН ТРОЦКИЙ

**(Жалғасы, басы 4 бетте).**

1924 жылдың 1 қаңтарынан бастап КАССР-інің барлық қазақ болыстары, 1924 жылдың 1 шілдесінен былай қарай барлық уездер мен губерниялар қазақ тілінде іс жүргізуге көшіріледі деген шешім Сәкен үшін оңайлыққа түспегенін қазірдің өзінде анық сезінуге болғандай.

Осындай ұлы мақсаттың жолында жүргенде, бүкілодақтық көлемде кәсіподақтардың рөлі, жаңа экономика саясатын жүргізу, елді индустрияландыру, басқа да ірілі-уақты мәселелер жайында, әсіресе, В. И. Ленин дүние салғаннан кейін партияның бас хатшысы И.В.Сталинге шабуылды күшейткен Л.Д.Троцкийге Сәкеннің құрметі азая қойған жоқ сияқты. 1924 жылы шығарған «Домбыра» атты өлеңдер жинағын түгелдей Арыстан Дәуітұлы Троцкийге арнап қана қоймай, өзінің бар ой-пікірін білдіретін арнайы өлең жазып, жинақтың бірінші бетіне бастырды. Ол өлең мынау:

Арыстан Дәуітұлы
Пайғамбар жалын сөзі иман берген,
Сансыз ер жолында өлмек соңына ерген.
Тілінен балы тамған, ақын бұлбұл,
Мұлт кетпес тіл мен қолы бірдей мерген.
Тарихтың ұлы дүбір арыстаны,
Қырағы өткір, зейін данышпаны.
Дүбірі жер мен көкті солқылдатқан
Сан жаумен зор майданға алысқаны.
Қайралған өткір алмас, тілі шешен
Тарихтан шыққан жеке үздік көсем.
Қол бастап, өзгерісте алып өткен
Тар жолдан, тайғақ кешу аман-есен.
Арыстан жалбыр қара аруақты
Айбыны қалтыратқан алтын тақты.
Жол бастап, жалпы адамзат бақытына
Көрсеткен айнадай қып болашақты.
Арыстан һәм пайғамбар сегіз қырлы,
Ілімі жалшы бақыт, жалғыз сырлы.
Сүйініп, шалқып сені жыр қылмаса
Не қылад сорлы ақындар өлең-жырды?!
Тарихтың зор қамытын мойнына артқан
Үлгі алған орын басып, үлкен қарттан.
Кейінгі жалпы елдің жас буыны
Шаттанып жырлар талай еріп арттан.
1924 жыл, март

Осы шумақтар әлгінде ғана мысалға алған А.В.Луначарский ойларының қазақ тілінде өлеңге айналғанын аңғартқандай. Ал, 1924 жыл Троцкийдің талай қате ой айтып, у-шуды көбейтіп жатқан кезі екені тарихтан белгілі.

Елге айрықша керекті істерді жүзеге асырып жүргенде, Сәкеннің алдынан бәрі жапырыла бермегенін, қарсы шығатын күш табылғанын, оны ход-хотдап отырған билікті орын табылғанын Сәкен жасырмайды. Өйткені, бұл Сәбит Мұқановтың сендіруі және біздің зерттеу еңбегімізде расталған бір шындық. Сәкеннің «ешуақытта өтірік дегенді білмейтін адам» (С. Мұқанов) болғаны 1929 жылғы «Менің қателігім туралы» деген зорлықпен жазылған мәлімдемесінен-ақ көрінеді.

«Бір жылдан соң (яғни 1923 жыл ортасынан былай қарай - Т.К.) біз Меңдешұлына, оның жаңа құрылған жігіне және Коростолевке қарсы күрес бастадық. Онда біз Меңдешұлын жағымталшыл (көттәкі), табанды пікірі жоқ, байлаусыз және «солақай» деп, Коростолевті отаршылыққа ымырашылдық қылады (отаршылдықпен жөндеп күреспейді) деп айыптадық», - дегендерді ашық айта келіп, өзінің Троцкийге өлең арнағанын есіне алады. «Партияның бас жағынан қыңыр мінездер табылып (қателіктер деуге қимайды - Т.К.), соны ашып, ол қыңыр мінезге түскендер бір кезде бәрімізге сеніп, әспеттеген көсемдер болғанын (көсемдер болғанда, әрине, Қазақстан көсемдері емес) көрген Кеңес өкіметінің жаулары шоқ-шоқ деп масаттанып, күліп тұрған тәрізденді», - деп сары уайымы қалың өлеңдер жазғанын мойындайды, ашық айтады.

Сәкеннің Троцкийге арнап шығарылған өлеңдері ешуақытта ұмытылған емес. «Сейфуллиншілдікке» қарсы мақала жазғандар бісмілләні Троцкийден бастап, совет әдебиетінің негізін қалаушы емес, небәрі одақтас деп тапқаны, ҚазАПП түсында көз аша алмағаны, оның 1932 жылғы 1 съезде жасаған баяндамасында Мұстафа Қайыпназаров: «Сәкен күні кешеге дейін ұлтшылдықты, ақсүйектікті жырлап келді. «Асау тұлпар», «Домбыра» жинақтарындағы көп өлеңдерінің қателері табылып, жұртшылық бірнеше рет талқылады. Көбінде троцкийшілдікті жырлайды. Әсіресе, «Домбырада», «Экспресс», «Айт», «Азияда» түрік бірлігін көксейді. Расында Сәкен пролетариат ақыны болып көрген емес» (Қазақ пролетариат әдебиетінің жай-күйі мен алдағы міндеттері. 1932 жыл, 16-бет) дегеннен кейін шығарған қаулының да әуселесі белгілі. Сәкеннің «шығармаларында бай, феодал салт-санасы, жергілікті ұлтшылдық, төңкеріске қарсы троцкизм сарындары бар». («Әдебиет майданы. 1932 жыл, №4, 13-бет) дегенген көз ашпай, 1934 жылғы кеңес жазушыларының бірінші съезінде осы пікір қылаң бергенде, «Сәкен бір кезде Троцкийді мақтаған» дейді. «Менің шығармаларымды сынға алғандардың кейбіреулері осы сөзді қайта-қайта айта береді. «Көп шайнаған қартаның дәмі кетеді» дегендей, осы бір әбден дәмі кеткен сөз. Рас, мен ол кезде Троцкийді мақтап өлең жаздым», - деп ашық айтып, осы жөнінде бұдан былай «күйсей беруді» (Сәкен сөзі) қою керектігін тілеген еді.

Амал не, 1937 жылы Троцкий пәлесі бұрынғыдан күшейе түсті. Оны да өзіміздің ағайындар жиі еске алып, мақалаларында көсілте жазды. Ф. Березовский 1936 жылы Минскіде өткен жазушылардың І пленумында: «Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасы мен бірнеше туындысында троцкизмге іш тартатын саяси қателер бар» десе, Т.Елеуов деген: «Националистические взгляды С. Сейфуллина в свое время тесно переплетались с явно троцкизмом», деді. «Қазақ әдебиеті» газетінің «Әдебиеттегі троцкист-бухариншіл, ұлтшыл-фашист зиянкестерін жеріне жете құрту керек» (13. 08. 37) деп дүниені шулатуы тегін кетпеді.

1937 жылы 24 қыркүйекте Сәкен тұтқындалды. Оның «шын мәніндегі» троцкийшілдігін дәлелдеу үшін Мәскеуден ілік іздестіріп, троцкийлік орталықпен тікелей байланысы болған деп көрсету үшін орыстың үлкен жазушысы Галина Иосифовна Серебрякованы Сәкеннің тергеу ісіне иінін тауып араластырады. Ол жөнінде «Сәкен және Серебрякова» деген эссеме де, «Коммунист Сәкеннің ұлтжандылығы» деген мақаламда да жазғанмын. НКВД тергеушісі өзі жазған «хикаяда» Сәкенді былайша мойындатады: «Я действительно являюсь участником антисоветской националистической организации… Я давно являюсь сторонником Троцкого, как одного из организаторов борьбы с ВКП(б). Еще в 1922-24 гг. воспел его в своих произведениях. Я поддерживал антисоветские разговоры с Серебряковой и со своей стороны проявил националистические настроения», дегенді айтты дегізіп, осы тезисті бүкіл айыптау материалының, сот үкімінің ең негізгі бабына айналдырып жіберді.

Өмірінде екі рет кездесу, біріншісі Александр Фадеевтің жұмыс кабинетінде, екіншісі Сәбит Мұқанов пен Сәкенді саяжайына шақырып, қонақ қылу рәсімі Галина Серебрякованың 20 жыл азап-бейнет шегуіне себепкер болғанын жазушы «Смерч» («Қара құйын») деген романында былай баяндайды.

«На конец мне предъявили обвинение. Единственным свидетелем против меня оказался, к величайшему моему изумлению - старый большевик и признанный основоположник советской казахской литературы Сакен Сейфуллин. Этого человека я успела уже забыть, так как видела два раза в жизни… Отныне и долгие годы в моем деле появлялось именно это обвинение и только в 1956 году в августе, на заседании бюро Джамбульского обкома, где меня восстановили в правах члена партии, я узнала все, что уже тогда, в 1939 году, было известно следствию. Мне зачитали последнее, предсмертное заявление Сакена Сейфуллина, сделанное им на заседании выездной сессии Военной коллегии Верховного суда, внесшей ему смертный приговор.

«Я, Сакен Сейфуллин, заявляю, что не выдержав физических пыток, примененных ко мне, оговорил писательницу Галину Серебрякову. Никогда я не имел с ней никакого контрреволюционного разговора и не видел ее мужа Сокольникова», деп жазғанын тебіренбей оқи алмайсың. Осындай зұлымдыққа барғандарға не дерің білмейсің. Қаншама қаһар төккенмен, олар өз дегендерін істеп кеткенін соттың мынадай үкімінен білеміз.

Сәкенді айыптау қорытындысында: «С.Сейфуллин с 1922 года являлся скрытым троцкистом, разделял контрреволюционную программу Троцкого, что в целях популяризации Троцкого, он выступал в печати, посвящал ему свои произведения и вел троцкистскую агитацию среди националистов. Выполняя установки центра антисоветской организации, Сейфуллин проводил большую антисоветскую работу в области литературы и вел вербовочную деятельность», дегенді көшпелі сот сессиясы: «Сейфуллин с 1922 года разделял троцкистские взгляды и проводил троцкистскую деятельность», деп қысқа қайырып, 2 минуттың ішінде қайран азаматты өлім жазасына кесті де жіберді.

Міне, 1922 жылғы «Азия (Европаға)», «Қара бүркіт» балладалары мен 1924 жылғы «Домбыра» жинағын Троцкийге арнап, наурыз айында жазған «Арыстан Дәуітұлы» өлеңінің әлеуметтік мәні осындай. Қазіргі уақытта қазақ ақындары кімге өлең-жыр, поэма арнамай жатыр, олардың тағдыры Сәкен шығармаларындай болса, ақындықтың маңынан жүретін адам табылмай қалуы ғажап емес. Бірақ, өмір тоқтамайтыны сияқты, тарихта із қалдыратын мәнді шығармалардың дүниеге келгеніне не жетсін. Қаншама қасіретті болса да, Сәкендей ұлы азаматтарымыздың қазақ поэзиясында жарық жұлдызы болып өткенін, артына ғибратты да даңғыл жол салып кеткенін қадірлеп, құрметтей білейік.

**Т. КӘКІШЕВ, профессор.**

# Тұрсынбек Кәкішев – қазақтың қара нары

Адамға ұлтты сүюден, ұлтқа қызмет етуден үлкен бақыт жоқ. Бұл – адамзат тарихынан қалған ең ұлы тағылым. Қай салада қызмет етсе де, қандай кәсіптің иесі болса да, түптеп келгенде, адам баласының тұлғалық санатын анықтар басты өлшем осы бір тағылым алдындағы ар мен жанның тазалығы екені күмәнсіз.

Бұл өлшем туралы қазақ халқы қысқа қайырып, шебер айтқан. «Малым – жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген. Тұлға табиғатын танып, тағылым жаратылысын бағалаудың нағыз планетарлық үлгісі! Ондаған ғасырлар бойы Еуропа мен Азия дейтін екі бірдей алып құрлықты еркін иемденіп, ойлау мен сөйлеудің ұлы биігіне көтерілген елдің ғана көкірегін жарып шығар ғажайып пәлсапалық түйін. Өмірлік танымы терең, ойлау қабілеті кең қазақ дейтін ұлттың тағдырын талқан еткізбей, жал-құйрығын күзеткізбей аман алып келе жатқан ұлт генофонын сақтаудың басты қағидасы да осы ұстанымға негізделгені даусыз.

Тұрсынбек Кәкішев осындай өлшемі кең, тамырын тереңнен тартар, «жанын арының садағасы» тұтып ғұмыр кешкен, бар саналы өмірін әдебиетке өлшеусіз арнап, шынайы ұлт биігіне көтерілген тұғырлы тұлға, ұлағатты ұстаз, шынайы ғалым еді.

Тұрсынбек Кәкішев дегенде менің есіме ылғи 1968 жылдың сары күзі түседі.

Қарт КазГУ… Киров (осы күнгі Бөгенбай) - Масанчи көшелерінің қиылысындағы математика және филология факультеттерінің корпусы. Үшінші қабаттағы акты залының алдындағы хол. Ығы-жығы студенттер… Келесі лекцияға асығып бара жатқан бетіміз, желке тұстан естілген «Нұрлан!» деген дауыс мені тоқтатты. Бұрылдым.

Алдымда тұрған аққұба өңді әдемі кісі иығыма қолын салып:

– Сен Нұрлансың ғой? – деді қадала қарап.

– Сәлеметсіз бе, ағай…

– Сәлемет бол! Мен – Тұрсынбек дейтін ағаң боламын, – деді қолымды қыса амандасып.

– Кәкішев… Ағайсыз ғой…

– Иә. Алла сәтін берсе, сендерге лекция оқып қалуым мүмкін… Кешегі жыр кешінде оқыған өлеңің маған ұнады. Аты да қызық… – «Хали-Гали»…

– Ырғағы да әдеттегі қазақ өлеңдерінен бөлектеу екен. Сен былай жаса. Ана дәптеріңе мына телефон мен мына адресті жазып ал. Ертең күтемін. Үйге кел. Өзіңе ұнайтын он-он бес өлеңіңді ала кел, – деді ағамыз сөзін нығарлап.

Сыртынан атына қаныք, академиядан белгісіз себептермен «қуылып» келген қайсар мінезді, ойын, сөзін жасырып-бүкпей тура айтатын жаңа мұғалімімізбен алғашқы таныстығымыз осылай болды.

Ертесі… Уәделі кезде бір топ өлеңімді арқалап, Ботаника бульварындағы Тұрсынбек ағайдың үйіне келдім. Ағай үйде жалғыз екен. Жылы шырай танытып, құшақ жая қарсы алды. Әдебиет туралы, арыстар мен алыптар жайлы (айтуға тыйым салынған) сөз қозғады. «Ерте ме, кеш пе, бәрі орнына келуі тиіс. Ақиқат дейтін шіркінді қырық жерден аузын құлыптап, қамағанымен, көнбейді», деді ағай маған барлай қарап.

Жиырмадан жаңа асқан, лапылдап тұрған бозбала кез. Ағайдың Сәкен мен Мағжан хақындағы тереңнен суырып, тебіреніп айтқан әңгімесі, уақыт, заман хақындағы ойлары маған ерекше әсер етті. Қанша отырғанымыз есімде жоқ. Есімде қалғаны Тұрсынбек ағайдың қысқа, нұсқа өрілген, XX ғасырдың ауызға іліге қоймаған ақиқаттары жайлы қанатты әңгімесі…«Сәкен өз ақиқатын халық тағдырымен қалай ұштастырса, Мағжан да өз ақиқатын сол халық тағдырымен өзінше ұштастырды. Ұштастырып жүріп, қазақ дейтін маңдайының соры қалың ел үшін екеуі де кеңестік идеологияның қолынан кетті. Уақыттың оғына ілікті» деді жаңа мұғалім ауыр күрсініп. «Сенің әлгі, Гали-Галиіңнің ырғағы сол ағаларыңның сарынын еске салады. Тентек өлең. Бірақ текті жыр…» деп, өлеңдерімді оқи бастады. Бес-алты өлеңімді іріктеп, таңдап, қалғанын өзіме қайтарды.

Қайтқандардың арасында, әрі ойланып, бері ойланып отырып, «Хали-Галиды» да қосты. «Бұл өлеңді жуық арада ешкім баса қоймас. Бірақ реті келген жерде оқи бер. Атыңды шығарады…» деп жылы жымиды. Сөйтті де стол үстінде тұрған қара телефонның трубкасын алды. Әлдебір нөмірді терді.

– Нығмет, хал қалай? Дұрыс… Бас аман болса, реттеледі ғой… Мен өткен жолы өзіңе айтқан бала тұрған звандап отырмын. Газетіңнің бетінде жолын ашып жібер. Аты-жөні? Нұрлан… Менің студентім. Өзіңе барады… – деп трубканы қойды.

Кейін алдына барғанда білдім. Тұрсекеңнің телефонда сөйлесіп, «Нығмет» деп, өзімсініп «тапсырма» берген адамы сол кездегі «Қазақ әдебиеті» газетінің білдей бас редакторы, ардақты ағаларымыздың бірі – Нығмет Ғабдуллин екен.

Шынында да осы бір әдебиет пен сөз дейтін киелі әлемге адал қызмет етіп, өмірден озған асыл ағаларымның арқасында «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде жарық көрген менің үш өлеңім студенттер арасында, ұстаздар алдында біраз абыройымды биіктеткені рас.

Бәріне себепкер ардақты ұстазым – қайран Тұрсекең!..

Иә…

Тұрсекең пешенесіне Алладан бұйырған мол дарыны мен қайтпас қайсар мінезін, ақыл-парасаты мен білік-білімін Ұлт намысын қорғап, ұрпақ тәрбиелеуге арнаған, әрі осы жолда айтарын айтып, жазарын жазып өткен, Абай сөзімен айтқанда, адамның адамшылық болмысын танытар үш нәрсені: «Ыстық қайратты, нұрлы ақылды, жылы жүректі» ақ қағаз бен қаламның тезіне армансыз арқау еткен, елінің сенімі мен құрметіне бөленген сиректеріміздің бірі, бірегейі болатын.

Тұрсекең табанды ғалым, тағылымды ұстаздықпен қоса, ұлт тұтастығы мен ұрпақ ойының қанаттанып бекуіне айрықша үлес қосқан жаны таза, жаратылысы бөлек, қарымы кең қайраткер, текті тұлға болатын. Ол жалған сөйлеп, жағымпаздануды білмейтін. Әсіресе ұлт тағдыры мен ұлт руханияты сөз болған тұста тартынбай сөзге араласып, ойы мен пікірін ашық білдіретін. «Бетің бар, жүзің бар» демей тура айтатын. «Аузын ашса, жүрегі көрінетін» осы бір адал, аңғал қалып, тегеурінді тұлғаларға тән батырлық мінез аяулы аға, ардақты ұстазды көзі тірісінде ел махаббатына қалай бөлеп, абырой биігіне қалай көтергені қаз-қалпы жадымызда.

Тұрсынбек Кәкішев ұлтының сондай үлкен ықыласына бөленген жаратылысы кең, болмысы таза, жомарт мінезді дарындарымыздың санатынан еді. Ол жаңа дәуір руханиятын жолға қойып, сорабын арыстарымыз салған, салмағын алыптарымыз көтерген ана дәуірде де, ата-бабаларымыздың арман-мұратын арқалап, киіз туырлықты қазақтың басына бақ болып қонған Тәуелсіздік дәуірінде де ел болу мен елдікті сақтау жайлы ойларын ашық айтқан ірілерімізідің бірі болатын.

Зиялы қауым – қоғамға ықпал етер, пікір қалыптастырар қуатты күш десек, Тұрсекең осы ұлт зиялыларының ішіндегі шоқтығы биік өкілі болды. Ол өмірде де, әдебиетте де, ғылымда да Еңбек дейтін киелі ұғым мен Талант дейтін қасиетті дүниені айрықша бағалайтын. Ол ондаған ғасырдың бай тарихы бар қазақ көркем сөзінің сыни пікірінің дамуына ерекше ықпал еткен, осы жолда сандаған шәкірт тәрбиелеген үлкен жүректі ғұлама ұстаз болды. Ол адамдар мен адамдар арасын дәнекерлеп, ел мен ел арасына рухани байланыс орнатуға қажыр-қайратын сарқа жұмсаған алаштұлғалы қайраткер-ғалым, қайраткер-қаламгер еді…

**Егемен Қазақстан.**

# ДЕНСАУЛЫҚ САҚШЫСЫ – НА СТРАЖЕ ЗДОРОВЬЯ

## Менингит дегеніміз не?

**Миқұрт (менингит)** – бұл халық арасында көп таралған дерттің бірі, өте қатерлі ми ауруы, мұнымен көбінесе балалар ауырады. Ол басқа аурулардың, шешек, мысқыл (шықшыт безінің қабынуы), көкжөтел немесе құлақтың қабынуы сияқты аурулардың *асқынуынан* болады. Туберкулезбен ауыратын анадан туған балалар кейде туғаннан кейінгі алғашқы айларда туберкулез менингитімен ауырады. Оның неше түрлі кезеңімен көптеген адамдар ауырады. Ертеде бұл аурумен науқастанған жан ем табылмауы себепті көп өмір сүрмеген. Ал, бүгінгі таңда жетілген медицинаның көмегімен құлантаза айығып кететін адамдар саны артып келеді. Көбіне суықтан болатын бұл кесел ми мен жұлынның жұмсақ қабықтарының қабынуынан туындайды. Ең алғаш рет оған қарсы емдік препаратты 1887 жылы А. Вейксельбаум ойлап тапқан болатын. Сонымен қатар менингит бактериясы жөтелу кезінде ауа арқылы жұқпалы түрге алмасады. Мұрнына түскен бактерия жұлынға жетіп, қан айналымына еніп, қоздырғыштарды күшейтеді. Менингиттің жұқпалы түріне шалдыққан адам ауруды таратушы болып саналады. Сонымен қатар менингит жүйке жүйесіне қатты әсер етіп, нәтижесінде менингиттің жүйке жүйесіне әсер ететін түріне шалдыққандардың 20 пайызы өз өмірімен қоштасады. Менингиттің туындауы – адамдардың тығыз орналасуынан, тазалық сақтамаудан, сонымен қатар, ауруды тарататын ошақтардың жақын болуынан.

Сондай-ақ, кейде денеге түскен жарақаттан, құрт ауруынан, тұмау мен іш сүзегінен де пайда болады.

Ауру бастапқы кезеңде екі түрге бөлінеді. Жедел және созылмалы болатын бұл аурудың ең күрделісі мида іріңді түрде болатын менингиальдық синдромы.

Аурудың алғашқы белгілері – ауру жұққаннан кейін 10-12 күннен соң ағзада бас ауру, лоқсу, ауыз құрғап, қызу көтерілу, дауыс қарлығып, өңі бозару секілді инкубациялық кезең өтіп, денеде қызғылт түсті дақтар пайда болады. Дене қызуы 40-қа жоғарылап, бұлшық еттер тырыса бастайды. Дер кезінде емделмесе көп жағдайда сал болып қалуы да мүмкін. Жарыққа қарай алмай, қатты дауыстан қорқып, есінен адаса бастайды. Бұл белгі іріңді менингитте орын алады.

Менингит – құрт ауруының түрі – науқастан әл кетіп, шаршап, тез терлеп, дене қызуы көтеріліп ұзақ уақыт жүреді. Бас сүйек ішіндегі қан қысымы ұлғайғанда барып анықталады. Белгілері:

Жоғары температура

Бастың қатты ауыруы;

Мойынның шалқаюы. Баланың өңі кірмейді, сұлық жата береді, басы мен мойынын артқа шалқайтып ұстайды.

Ту сыртының да шалқайып кететіні сондай, бала басын тізесінің арасына келтіре де алмайды;

Бір жасқа дейінгі баланың еңбегі көтеріледі (томпайып кетеді);

Менингит кезінде құсу – осы ауруға тән құбылыс;

Кішкентай балаларда менингиттің алғашқы кезеңінде анықтау қиын. Бала түсініксіз жағдайда, тіпті анасы емізгенде де жылай береді («менингит жылауы»). Немесе бала ұйықтай береді;

Кейде талып қалады (құрысу), немесе дене қозғалысы да бір түрлі болып өзгереді;

Көбінесе баланың жағдайы бірте-бірте нашарлай бастайды, ол мүлде есінен танған кезде ғана тынышталады;

Туберкулез менингиті өте жай өрбиді, ол талай күндерге немесе апталарға созылады. Бұл аурудың басқа формалары анағұрлым тез – сағаттар немесе күндер аралығында өршиді.

**А. РОМАНИКО, Буланды аудандық бөлімшесінің Ұлттық сараптама орталығының зертханашысы.**

## Международный день борьбы с наркоманией




***26 июня отмечается Международный день борьбы с наркоманией и незаконным оборотом наркотиков.***

. Он был учрежден в 1987 году как выражение решимости Генеральной Ассамблеи ООН усилить свою деятельность и создать мировое общество, свободное от злоупотребления наркотиками. Основанием для такого решения стали рекомендации Международной конференции по борьбе со злоупотреблением наркотическими средствами и их незаконным оборотом, принявшей обширный план деятельности по борьбе с наркотической зависимостью.

С каждым днем последствия наркотической зависимости становятся все более угрожающими в демографическом плане. Наркотики овладевают несовершеннолетними и подростками, увеличивается количество женщин, употребляющих наркотические препараты. Наркоманию без преувеличения можно назвать самым страшным явлением нашего века. В ее коварные сети с каждым днем попадает все больше людей, пытающихся убежать от проблем и стрессов. Но цена такого «побега» оказывается слишком высокой, и результаты эксперимента над собой большей частью оказываются необратимыми. Даже специальный курс лечения от наркомании не всегда способен освободить человека от этой зависимости. После нескольких лет без наркотиков у бывшего наркомана зачастую возникает рецидив. И те ощущения, которые казались спасением от реальных проблем и неудач, становятся бесконечным кошмаром и абсолютной пустотой. Поэтому изначально выбирать наркотики как средство для ухода от жизненных проблем – непростительное и губительное решение для каждого человека. Быстрое распространение наркотической зависимости вызывает беспокойство общественности всего мира. Наркомания приводит к тотальному поражению личности и серьезным осложнениям физического здоровья. Многие специалисты в этой области называют наркотическую зависимость «биопсихосоциодуховным» расстройством. То есть, зависимый от наркотиков человек постепенно теряет уважение к себе, теряет свои нравственные качества и психическое равновесие. Из-за ненормальной психики он не может общаться с родными и друзьями, не в состоянии обрести профессию, и даже теряет навыки в том деле, которым владел до болезни. Еще одна опасная особенность наркомании – необратимость этого патологического состояния. То есть, часть изменений, которым подвергся организм из-за действия наркотиков, остается навсегда. Международный день борьбы с наркоманией способствует массовому решению такой серьезной проблемы нашего времени, как наркомания. Этот вопрос не должен оставлять равнодушным ни одного человека на Земле. Только благодаря совместным усилиям можно добиться положительных результатов в решении глобальной проблемы наших дней – наркомании.

**А. ШАНГЕРЕЕВ, врач психиатр-нарколог.**

## Профилактика сальмонеллеза

Сальмонеллез (salmonellosis) острая инфекционная болезнь, вызываемая бактериями рода Salmonella, попадающими в организм человека с пищевыми продуктами животного происхождения.

Сальмонеллы мелкие подвижные бактерии, которые могут длительно сохранять жизнеспособность во внешней среде. Так, в воде открытых водоемов они могут жить до 5 месяцев, в почве - до 18 месяцев, в мясе и колбасных изделиях от 2 до 4 месяцев, в замороженном мясе - около 6 месяцев (в тушках птиц - более года), в молоке - до 20 дней, кефире - до 2 месяцев, в сливочном масле - до 4 месяцев, в сырах - до 1 года, в пиве - до 2 месяцев. При комнатной температуре бактерии активно размножаются в пищевых продуктах, особенно мясных и молочных, при этом внешний вид и вкус пищи не меняется. Сальмонеллы не погибают и при консервации, если концентрация поваренной соли составляет от 218%. Губительной для сальмонелл является только высокая температура кипячение их убивает мгновенно. А обычные дезинфицирующие средства, содержащие хлор, не всегда эффективны.

Пути заражения сальмонеллезом многообразны: наиболее частый пищевой, чаще всего при употреблении мяса животных и птиц, а также яиц. Микробы попадают в продукты при недостаточной кулинарной обработке неправильном хранении и нарушении элементарных правил личной гигиены. Симптомы заболевания могут быть выражены ярко, а могут и не проявляться. Однако в большинстве случаев отмечаются следующие симптомы: повышение температуры, общая слабость, головная боль, тошнота, рвота, боли в животе, многократный жидкий водянистый стул. Профилактика сальмонеллеза осуществляется как на государственном уровне (санитарноэпидемиологической и ветеринарной службами), так и на индивидуальном.Основные способы профилактики ветеринарносанитарный надзор за убоем скота и обработкой туш; выполнение санитарных правил приготовления, хранения и реализации пищевых продуктов; обследование поступающих на работу на предприятия общественного питания и торговли, детские учреждения.В бактериологической лаборатории Буландынского отделения филиала РГП на ПХВ « НЦЭ» проводятся исследования на сальмонеллез пищевых продуктов и обследуются работники общественного питания и детских дошкольных учреждений. Если вы сомневаетесь в качестве пищевых продуктов или хотите проверить состояние своего здоровья, мы ждем вас в бактериологической лаборатории Буландынского отделения.

**К. АЛПЫСБАЕВА, лаборант бактериолог Буландынского районного отделения филиала РГП на ПХВ «НЦЭ» КСЭК МЗ РК по Акмолинской области.**

## Аскаридоз

**Аскаридоз** – это паразитарное заболевание, вызываемое круглыми червями рода Ascaris, которое поражает кишечник человека и иногда вызывает серьёзные осложнения при массивной инвазии.

**Причины и возбудитель**

Возбудителем аскаридоза является Ascaris lumbricoides, крупный кишечный нематод. Инвазия происходит при заглатывании яиц аскарид с загрязненной пищей, водой или через немытые руки, чаще всего в условиях несоблюдения санитарных норм.

**Пути заражения**

• Фекально оральный путь – наиболее распространённый; яйца паразита выделяются с калом инфицированного человека и после созревания в почве становятся инфекционными.

• Контаминированные продукты – овощи и фрукты, не прошедшие тщательную обработку.

• Редко – через воду, содержащую созревшие яйца аскарид.

**Симптомы**

Симптоматика зависит от стадии инвазии:

• Ларвальная стадия (миграция через лёгкие): повышение температуры, кашель, одышка, аллергические высыпания, иногда боли в груди.

• Кишечная стадия (взрослые черви в кишечнике): боли в животе, тошнота, диарея или запоры, снижение аппетита, анемия при тяжёлой инвазии, иногда видимые черви в кале.

**Осложнения**

• Кишечная непроходимость, особенно у детей при массивной инвазии.

• Миграция в желчные протоки или поджелудочную железу, что может вызвать панкреатит или холангит.

• Аллергические реакции на мигрирующие личинки.

**Диагностика**

Диагностика основывается на сочетании клинической картины и лабораторных методов:

• Копрологическое исследование – обнаружение яиц аскарид в кале.

• Серологические тесты – определение антител в крови (помогает при ранней стадии).

• Инструментальные методы – УЗИ или рентген при осложнениях.

**Лечение**

• Противогельминтные препараты: альбендазол, мебендазол или пирантел, дозировку определяет врач в зависимости от возраста и тяжести инфекции.

• Поддерживающая терапия: коррекция питания, при необходимости – препараты для снятия аллергических реакций или улучшения работы кишечника.

• В случае острых осложнений может потребоваться хирургическое вмешательство.

**Профилактика**

• Соблюдение правил личной гигиены: мытьё рук, овощей и фруктов, питье чистой воды.

• Регулярная санитарная обработка почвы и контроль за санитарными нормами.

• Периодические профилактические приёмы антигельминтных препаратов в эндемичных районах.

**Вывод:** аскаридоз – распространённое паразитарное заболевание, при своевременной диагностике и правильно подобранной терапии полностью излечимое, однако без лечения может приводить к серьёзным осложнениям и нарушению работы внутренних органов.

**А. ЖАМБАСОВА, лаборант паразитолог Буландынского районного отделения филиала РГП на ПХВ «НЦЭ» КСЭК МЗ РК по Акмолинской области.**

## Пути передачи ротавирусной инфекции

Ротавирусая инфекция в основном передается с пищей (через немытые продукты, грязные руки). Ротавирусы прекрасно себя чувствуют в холодильнике и могут жить там много дней, хлорирование воды их не убивает. У детей в возрасте от 1 года и старше ротавироз может появиться при посещении яслей, детских садов и школ, так как в новой обстановке иные вирусы и микробы, чем в домашней обстановке или в коллективе, где ребенок находился долгое время. Можно отнести эту инфекцию и к «болезням грязных рук». Кроме того, поскольку ротавирусы вызывают воспаления и дыхательных путей, они, подобно вирусам гриппа, распространяются капельным способом - например, при чихании.Вирус проникает в слизистую оболочку желудочно-кишечного тракта. В основном поражается слизистая тонкой кишки. Ротавирусная инфекция поражает желудочно-кишечный тракт, вызывая энтерит (воспаление слизистой оболочки кишечника), отсюда и характерные симптомы ротавироза.

**Симптомы ротавирусной инфекции у детей**

Выделяется инкубационный период (1-5 суток), острый период (3-7 суток, при тяжёлом течении болезни - более 7 суток) и период восстановления после болезни (4-5 суток). Для ротавирусной инфекции характерно острое начало - рвота, резкое повышение температуры, возможен понос, зачастую и очень узнаваемый стул - в первый день жидкий желтый, на второй, третий день серо-жёлтый и глинообразный. У большинства заболевших появляются насморк, покраснения в горле, они испытывают боли при глотании. В острый период отсутствует аппетит, наблюдается состояние упадка сил. Многолетние наблюдения показали, что наиболее крупные вспышки заболевания возникают во время или в канун эпидемии гриппа, за что оно получило неофициальное название - «кишечный грипп». Кал и моча очень сходны по признакам с симптомами гепатита (светлый кал, темная моча, иногда с хлопьями крови).

**Симптомы ротавирусной инфекции у взрослых**

Взрослые также болеют ротавирозом, но некоторые могут принять его симптомы за обычное временное расстройство пищеварения (говорят, «что-то не то съел»). Тошнота и рвота обычно не беспокоят, может быть общая слабость, снижение аппетита, повышение температуры и жидкий стул, но не длительное время. Ротавирусная инфекция у взрослых часто протекает бессимптомно. Несмотря на стертость симптомов, больной остается заразным все это время. Более легкое протекание ротавирусной инфекции у взрослых объясняется не только более сильным иммунитетом, но и большей приспособленностью желудочно-кишечного тракта к такого рода встряскам. Обычно если в семье или в коллективе есть инфицированный, то в течение 3-5 суток поочередно начинают заболевать и остальные. Предотвратить заражение от носителя инфекции возможно только в случае активной иммунной системы.

**К. АЛПЫСБАЕВА, лаборант бактериолог Буландынского районного отделения филиала РГП на ПХВ «НЦЭ».**

# БІЛГЕНГЕ МАРЖАН – ЭТО ВАЖНО ЗНАТЬ

## Домбыра – халық мұрасы



Шілде айының алғашқы жексенбісі – Ұлттық домбыра күні. Халқымызбен бірге жасап келе жатқан, ел руханиятында алар орны зор домбыраны бізден бөліп қарау мүмкін емес. Керісінше сан ғасырдың сарыны бар домбыра- бойында дарыны бар, жалыны бар ұрпақтың санасында мәңгі жаңғыра береді. Жанға жағымды үні бойынды баурап қара домбырамыз күмбірлей кетсе есімізге әуелі Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Қазанғап, Дина, Сүгір сынды аттары аңызға айналған күйшілердің, тағы басқа көптеген дара тұлғалардың есімдері түседі. Ол да қадірі қашпаған қара домбырамызға деген құрметіміз болар. Қазақтың «Күй атасы – Кетбұға» дейінде де үлкен мән жатыр-ау. Әділ би, ержүрек батыр, дәулескер күйші болған Кетбұға әйгілі «Ақсақ құлан» күйінің авторы. Ал, бұл күйдің тарихы әр қазаққа етене таныс. Академик А.Жұбанов: «Кең даланы мекен еткен қазақ жұртының ең аяулы да қасиетті музыкалық аспабы домбыраның бірде күмбірлеген, бірде шертілген ойлы дыбыс құлаққа жағымды, жүрекке жақын, оның күмістей сыңғырлаған үні талай сырдың басын қайырады. Сымдай тартылған қос ішектен сан ғасырдың сан алуан сипаты ақыл-ойы, көңіл күйі жатыр. Домыра – көшпелі елдің көнекөз шежіресі, көпті көрген қарияның көкірек күйі»-дейді.

Домыбра – ұлттың үні.

«Қос ішектің бірін қатты,
Бірін сәл-пәл кем бұра.
Нағыз қазақ – қазақ емес,
Нағыз қазақ – домбыра...». деп Қадыр ақын қадір тұтқан домбыра барша исі қазақтың мақтанышы. Осы бір қос дауыс сарынында мұңдасып бастан кешкен алмағайып заман мен көшпелі тарихымыз жатыр. Қос ішегі күмбірлей жөнелгенде кең-байтақ сахрамыз, аққулы айдын көлдеріміз, сұлу табиғатымыз көз алдымызға елестеп, алыста жүрсең сағынышың, жанында жүрсең жұбанышың болады. Белгілі зерттеуші Г.Н.Потаниннің: «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді»,- дегені де осы домбыраға қатысты айтылса керек.

**Ж. ЗАНДЫБАЙ.**

## Безопасность на воде – ответственность каждого

С наступлением летнего купального сезона 2026 года тысячи жителей района отправляются к водоемам для отдыха. Однако вода требует повышенного внимания и строгого соблюдения правил безопасности. Ежегодно основными причинами несчастных случаев на водоемах остаются купание в необорудованных местах, нахождение в воде в состоянии алкогольного опьянения, переоценка собственных сил и отсутствие контроля за детьми.

Спасатели и сотрудники чрезвычайных служб напоминают: отдых у воды должен быть не только приятным, но и безопасным. Купаться следует исключительно в разрешенных и оборудованных местах, где организовано дежурство спасателей и имеются необходимые средства для оказания помощи. Особую опасность представляют необследованные водоемы, где на дне могут находиться камни, коряги, металлические предметы и другие препятствия.

Категорически запрещается:

- купаться в состоянии алкогольного опьянения;
- заплывать за буйки и предупреждающие знаки;
- нырять в незнакомых местах;
- прыгать в воду с мостов, причалов и других сооружений;
- использовать для плавания предметы, не предназначенные для этого;
- оставлять детей без присмотра возле воды.

Особое внимание необходимо уделять безопасности детей. Взрослые должны постоянно контролировать их нахождение у водоемов, даже если ребенок умеет плавать. Большинство трагических случаев с детьми происходит именно из-за отсутствия должного присмотра со стороны родителей или законных представителей.

При отдыхе на воде рекомендуется соблюдать простые меры предосторожности: не купаться в одиночку, избегать опасных игр в воде, следить за погодными условиями и не переоценивать свои физические возможности. Если вы стали свидетелем происшествия на воде, необходимо немедленно вызвать экстренные службы по номеру 112.

Безопасность на водоемах зависит от каждого из нас. Соблюдение элементарных правил поможет сохранить жизнь и здоровье вам, вашим детям и близким. Пусть летний отдых оставит только приятные впечатления!

**Отдел по чрезвычайным ситуациям Буландынского района.**

## ЖАЯУ ЖҮРУ – МЫҢ БІР ДЕРТКЕ ДАУА

**Соңғы жылдары адамдар аз қозғалатын болды. Ал аз қимылдау дертке шалдықтыратыны дәлелденген. Ресми дерек бойынша әлемде аз қозғалудың салдарынан зардап шегетіндер саны жылдан-жылға артқан. Сонымен қатар адамдардың арасында қозғалыссыз жұмыс істеу дағдысының көбеюі түрлі derттің өршуіне әкелетіні сөзсіз.**

Медицина саласының мамандары күнделікті жеткілікті мөлшерде қозғалыстың болмауы адам ағзасына кері әсерін тигізіп, ағзаны қартаюға әкеледі дейді. Бұл дегеніміз адамның өмір жасы да біршама қысқарады деген сөз. Сондай-ақ соңғы кезде көп кездесетін жүрек-қан тамырларының ауруы да аз қозғалыстың салдары. Ең өкініштісі, қозғала қоймайтын адамдардың дені семіздікке бейім келеді. Нәтижесінде ағзаның қызметі нашарлап, барлық жүйенің жұмысы тежеледі. Сондықтан қандай да болсын дерттің алдын алу үшін адамдар неғұрлым жаяу жүрудің пайдасын білгені жөн. Себебі, жаяу жүру – нағыз табиғи жаттығу, адам өмірін ұзартатын таптырмас ем. Күнделікті адам кем дегенде 30 минут жаяу жүрсе, денсаулыққа пайдалы екендігін сезінеді. Әсіресе артық салмақтан арылғысы келетіндер жаяу жүруді дағдыға айналдыруы керек. Ең бастысы жаяу жүру арқылы артық калориядан арылудың тиімділігі зор. Сондай-ақ егде кісілерге жүгіру қиын соғатындықтан жаяу жүру спортымен шұғылдануды әдетке айналдырса, тәбеті де ашылып, қан айналымы жақсара түседі.

Сырдариялықтар биыл 100 жасқа келген қарт Яхия Тасыровты жақсы біледі. Қария осынша жасқа келуінің құпиясын таза ауада көп болуымен және жаяу жүрумен байланыстырады. Күніне 4-5 шақырым жаяу жүретін майдангер денсаулығына да шағымдана бермейді. Жаяу жүрудің арқасында қарттың жүрісі тың, қимылы ширақ, бойын сергек ұстайды.

– Таңертең ерте тұруға қалыптасқанмын. Қартайғанда адам ұйқышыл келеді дейді. Бірақ мен бұл сөзбен келіспеймін. Күніне 7-8 сағаттық ұйқы жеткілікті. Қалған уақытта таза ауада жүргенді ұнатамын. Ауыл арасына жаяу жүремін. Мені көріп жаныма көлікпен тоқтап, баратын жеріме жеткізіп тастайық дейтіндер көп. Бірақ мен көбіне көлікке мінбеймін, рақметімді айтып, жаяу жүре беремін. Жаяу жүру – спорт. Қазір жасым жүзге келді. Сондықтан қимыл-қозғалыстың көзі жаяу жүру деп есетеймін. Буындарымызға да пайдалы, тыныс алу жолын реттейді. Аса бір алып бара жатқан ауру болмаса дәрі-дәрмек ішпеймін. Дұрыс тамақтанып, саламатты өмір салтын ұстанамын. Қазір жастар көбіне кеңседе отырып жұмыс істегісі келеді. Таңның атысынан бастап, кешке дейін бір орнында тапжылмай отыруға жалықпайды. Ал бұл өз кезегінде денсаулығына зиян екенін түсіне бермейді. Жалпы жасты да, кәріні де жаяу жүруге шақырамын, – дейді батагөй ақсақал Яхия Тасыров.

Ғалымдар жаяу жүрудің орасан зор пайдасы туралы мыңдаған жыл бұрын дәлелдеген. «Жаяу жүру – адам үшін ең бірінші медициналық көмек» деп медицина атасы Гиппократ айтқан дейді. Соның негізінде жаяу жүрудің бірнеше артықшылығын анықтаған.

Біріншіден, зерттеулер көрсеткендей, күнделікті жаяу жүру бір ғана жүрек қан-тамыр ауруын 31 пайызға азайтады. Екіншіден, көп қозғалмайтын адамға қарағанда жаяу жүретін адамдардың өмір сүруі 32 пайызға артқан. Мәселен, күнделікті сіз 2 шақырым жаяу жүретін болсаңыз, өміріңіз 22 пайызға ұзаратыны дәлелденген. Үшіншіден, жүргізілген тәжірибе қорытындысында науқас адамның өзінде апта сайын 3 рет 30 минуттан жаяу жүрсе, жүрек ауруынан туындайтын өлім 26 пайызға, басқа аурулардан келетін өлім 20 пайызға азайған.

– Жаяу жүру тек қана адам өмірін ұзарту мен жүрек ауруын азайтатын қасиетінен бөлек адамның ағзасына көптеген пайдасын тигізеді. Атап айтқанда, қант диабеті, депрессия, ішектің қатерлі ісігі, семіздік, буын аурулары, ақыл-есі кем болу секілді аурудың жолын кеседі. Қазір әлемде ғана емес елімізде де осы ауруға шалдыққандар саны артып келеді. Әсіресе, балалар арасында семіздіктің көбеюі дабыл қағарлық жағдай. Көптеген фасфуттарға тәуелді болған жас ағза емі ұзаққа созылатын ауру түрлеріне әкелуде. Ал артық салмақпен күресудің жолы жаяу жүруде екенін айтқым келеді. Жасы үлкейген әйел адамдардың арасында аяқ, тізе ауруларының көбеюі де аз қозғалыстың салдары. Сондықтан неғұрлым көбірек қозғалыс болса, адамның дені сау болады. Жалпы жаяу жүру – мың бір дертке дауа болатын табиғи ем, – дейді дәрігер-терапевт А.Қозбағарова.

Кейбір адамдар жаяу жүруден гөрі жүгірудің пайдасы неғұрлым көп екенін алға тартуы мүмкін. Осы ретте мамандар тарапынан жаяу жүрудің артықшылығы туралы айтылған пікіріне құлақ түрейік:

– Жүгіру мен жаяу жүрудің айырмашылығы жылдамдықта ғана емес. Жаяу жүрген кісінің кем дегенде бір аяғы жерде тұрады. Ал жүгіргенде аяқ кезекпен ауада қозғалады. Жылдамдық артқан сайын аяқ та ауада соншалықты көп қозғалады. Ал жоғары ұшқан зат жерге қайтып түседі. Бұл жерде адамның аяғы жерге тигенде адамның омыртқасы өз салмағынан 3 есе ауырлықты көтеруге мәжбүрленеді. Сондықтан жарақат алудан сақтану үшін омыртқасы ауыратын адамдарға жүгіру денсаулығына зиян. Жалпы, жаяу жүру кезінде жарақат алуы 1-5 пайыз болса, жүгіруде жарақат алу 20-70 пайыз аралығында. Жаяу жүру зат алмасу процесін жақсартып, иммунитетіңізді көтереді. Американдық онкологиялық орталық күніне 1 сағат жаяу жүрген әйелдердің сүт безі қатерлі ісігіне қарсы күресуге қауқары бар екенін айтады. Жаяу жүру үшін тек ыңғайлы аяқ киім мен ынта болса болды, – дейді «Жастар денсаулығы орталығы» бөлімінің дәрігері А.Байниязова.

Сонымен қатар жаяу жүрудің пайдасы баспалдақпен көтерілгеннен кем түспейді. Баспалдақпен көтерілу – қарапайым жаттығу жасағанмен парапар. Әр баспалдаққа көтерілген сайын адам өмірі 5 минутқа ұзарады екен. Ал артық салмақпен күрескіңіз келсе күн сайын баспалдақпен 30 минут жүріп өтсеңіз болды. Осылай көп калорияны жұмсау арқылы артық салмақтан соғырлым оңай арыласыз. Есте ұстайтын нәрсе – баспалдақпен көтерілу мен түсудің екі түрлі жаттығу екенін ұмытпаңыз. Көтерілу кезінде буыныңыз бен бұлшықет нығаяды. Өкпенің жұмысы жақсарады. Инсульт алу қаупін 30 пайызға төмендетеді. Дегенмен екі жаттығудың да денсаулықты нығайтатуға пайдасы зор.

Сонымен күнделікті жаяу жүруге асығыңыз. Жаяу жүру арқылы түрлі аурудың алдын алып, миыңыз сауығатынын ұмытпаңыз. Яғни ұзақ өмір сүрудің негізі – спорттың жаяу жүру түрімен тұрақты айналысып, саламатты өмір салтын ұстану арқылы өзіңізге өмір сыйлайсыз.

**Б. ЖАНӘЛІ.**

## Түнгі ұйқы тыныш болуы үшін не істеу керек?

Адамдар өмірінің үштен бірін ұйқымен өткізеді. Яғни, 60 жастың 20 жылы, 75 жастың 25 жылы ұйқымен кетеді. Бұл ұйқының адам өмірінде маңызының өте жоғары екендігін көрсетеді.

Өкінішке орай, көп адам түнемелік ұйқы тыныштығы бұзылмауы үшін не істеуі қажет, ұйқыға қалай дайындалып, оянған соң қандай іспен шұғылданғаны жөн, оның қарапайым талаптарын біле бермейді. Сол себепті, біз бүгін ұйқы тыныштығы туралы әңгіме қозғамақшымыз.

Негізінен, ұйқыға ертерек жатуға дағдыланған жөн. Ағзаны бір мезгілде ұйықтауға үйрету – денсаулыққа өте пайдалы. Бұрын ұйқыға ерте жатпасаңыз, оған үйрену алғашқыда қиынға соғуы мүмкін. Бұған қапаланбаңыз.

Ұйқыға ерте жату үшін мына ақыл-кеңестерді орындауға тырысыңыз: ұйықтар алдында теледидарды көрмеңіз. Әсіресе, жаңалықтарды тыңдамаңыз. Теледидар бағдарламасы, оның ішінде кейбір тосын, жағымсыз жаңалықтар адам миын әртүрлі мәселелерге толтырып, мазасын алады, ойға батырады. Ондай жағдайда ұйықтап кету оңайға түспейді. Сол себепті, ұйықтар алдында қуанышты, көңілді ойларға берілгеніңіз дұрыс.

Жатын, яғни, ұйықтар бөлме қараңғы болсын. Өйткені, көздің қабақтары жұқа келетіндіктен, ұйықтап жатқан көз мимен бірге терезеден түскен жарыққа да, теледидар сәулелеріне де, электронды оятқыш сағаттың сандарына да мазасызданады.

Пәтеріңіздегі, үйіңіздегі ұйықтайтын бөлменің тыныш болуы, сырттан ішке ешқандай дыбыстың естілмеуі өте маңызды. Компьютердің гуілі, көршілердің айқай-шуы, сөндірілмеген теледидардың дауысы ұйқының тыныштығын бұзады, адамның жүйкесін шаршатады. Осыған орай бөлмеңізде тыныштандырғыш майы бар - лаванда аромайшамын жағып қойғаныңыз дұрыс. Және де жастықтың ішіне «ұйқы келтіретін» әртүрлі шөптерді салып қоюға да болады. Бұл шөптер: лаванда, сәлбен. Бір қызығы, Фэн-шуй кеңесшілері адамдарға жақсы ұйықтау үшін қара түсті төсекке жатуды ұсынады. Олардың айтуынша, мұндай төсекте көз шырымын алғандардың ұйқысы қанып, өздері тынығып тұрады.

Адам табиғатын, оның ұйқысын зерттеушілер төсекке жатқанда «мен таңертең сағат соншада ұйқымнан тұрамын» деп бірнеше рет қайталап айтса, осы уақыт миында сақталып қалып, ойлаған кезінде оңай тұрады, - дейді. Өмірде іске асыруға жеңіл ақыл-кеңес, сынап көруге болады.

**А. СЕЙІТҚАЗЫ.**

## Ыстық күннен қорғану

Жаз бел ортасына тақап қалды, сәйкесінше күн температурасы да +30 көрсеткішінен біраз уақытқа түспейді деген сөз. Мұндай кезде жұмыс істеу түгілі, демалу да қиындай түседі, әсіресе қалалық жерлерде. Мұндай кезеңді денсаулыққа зиянсыз етіп өткізу үшін бірнеше қарапайым ережелерді ұстану керек.

Ыстық күнде дұрыс тамақтану өте маңызды. Дәрігер-диетологтар бұл уақыттары көкөністер мен сүт тағамдарын көбірек тұтынып, ал ет және мал майларынан бас тартқан жөн дегенді айтады. Тамақты қатты тойып ішпеген дұрыс. Ыстық күндері таңертең әдетте асқа тәбет болмайды, сондықтан ағзаны қинап ішудің қажеті жоқ. Ал бірақ міндетті түрде бір стақан сұйықтық ішіп алған дұрыс.

Шөлді көк шаймен, газы жоқ минералды сумен, сонымен қатар қайнаған су араластырылған шырынмен басу керек. Квас немесе лимон мен бал қосылған су да жақсы сергектік береді. Ыстық күндері сүт өнімдерінен жасалған – айран, йогурт, ашытқы сияқты сусындар өте пайдалы. Ал бірақ бұл кезеңдерде қатты диета ұстамаған абзал. Егер арықтағыңыз келсе, тек аз калориялы тағамдар тұтыныңыз.

Далада спортпен айналысуды да салқынырақ мезгілге қалдырған жөн – физикалық жаттығулар ағзаның құрғауына әкелуі мүмкін.

Жазғы ыстық ағзаға салмақ түсіреді. Ауаның ыстық температурасынан тер көп бөлініп, жүрек тез қағады. Демалу жиілеп, ағза ылғалдан, дәрумендер мен минералды тұздардан арылады, әсіресе жүрек бұлшық еттеріне маңызды магний және натрийге тапшы болады. Сондықтан ыстық күн жүрек-қан тамырларымен ауыратын адамдарға өте қауіпті. Ыстық күндері гипертониялық аурулары, жүрегінің ишемиясы барларда жүрек ұстап қалу қаупі бар. Қан қысымы төмен адамдарда әлсіздік пайда болады. Сондықтан, мұндай адамдарға дәрігерлер ыстық күнде ағзаға физикалық салмақ салмай, адам толы көлікте жүрмеуге, қан қысымын бақылап, тұзды тағамдарды көп пайдаланбауға кеңес береді.

Қан тамырлары ауыратын адамдар суық суға түсерде абай болғаны жөн. Егер ауа температурасы мен су температурасының айырмашылығы 10 градустан асса, суға түсу жүрек ұстап қалуына негіз бола алады. Күннің астында көп жатып, бірден суға кіре кетпеңіз. Суға түсер алдында денеңізді уқалап, жаттығу жасаңыз. Ал судан қатты дірілдемей тұрып шыққан жөн.

**А. МҰСТАФИНА.**

